



## ГЕНДЕРЛІК БЮДЖЕТ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Үкіметтік емес ұйымдарға(ҮЕҰ) арналған негізгі оқу құралы.

Бұл оқу құралы Американдық Халқының Америка Құрама Штаттарының даму агенттігінің (USAID) көмегі арқасында дайындалды. Эхо ақпараттың мазмұнына тікелей жауапты, және де ол ақпарат USAID-тың, немесе Америка Құрама Штаттары үкіметінің пікіріне сай келмеуі мүмкін.

Бұл оқу құралы Эхо ҚБ «Гендерлік бюджетін жергілікті қауымдастықтар» жобасына арналған Евразия қоры жүзеге асыратын АҚШ халықаралық даму агенттігі (USAID) қаржыландыратын Орталық Азиядағы Әлеуметтік Инновациялар бағдарламасының қолдауымен ұйымдастырылды.

## 1.ГЕНДЕРЛІК БЮДЖЕТ ДЕГЕННІҢ АНЫҚТАМАСЫ

Әлемдегі барлық мемлекеттер өз үкіметтері атынан және халықаралық ұйымдар алдында әйелдердің барлық салада тең құқылығын,гендерлік теңдігін қолдауға міндеттемелер қабылдаған.

Атап айтқанда төмендегі құжаттарға қол қойды: Әйелдерді дискриминациялаудың барлық түрлерін жою туралы((CEDAW) Конвенция және Біріккен Ұлттар Ұйымының Пекин платформасы барлық үкіметтердің әйелдердің құқын қорғауда ауқымды іс атқарып жатқандығын көрсетеді.

Гендерлік бюджет мәселесі арқылы үкіметтердің әйелдердің теңдігін қорғау барысында жауапкершілігін арттырады.Әйелдердің саясат пен өмірде тең қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Үкіметтің бұл саясаты арқылы гендерлік бюджеттің көмегімен саясатпен өмірдегі гендерлік алшақтықтарды жоюға көмектеседі.Жергілікті бюджетке де араласа алады. Гендерлік бюджет мәселесі сонымен бірге жергілікті бюджет арқылы түсетін табыс көздерін жеке жеке талдауға бағытталған.Сондай-ақ ішкі ресурстарды гендерлік көздерге жұмсауға бағыт береді.

**Гендерлік басымдылығы бар бюджет (gender responsive budget)**-бұл бюджет қоғамның әлеуметтік құрылымдық ерекшеліктерін,яғни жыныстық құрылымы,әйелдердің мүдделері ескерілген бюджет.

Гендерлік бюджет үш мақсатты көздейді:

- қаржылық-жоспарлық есеп беру және оның мөлдірлігі
- гендерлік мәселерге әйелдерді көбірек қатыстыру,мысалы, бюджетті қабылдау мәселесіне әйелдердің еркектермен бірге тең қатысуы
- гендірлік теңдікпен әйелдер құқын дамыту

Гендерлік бюджет бастамасын үкімет тарапынан да,және басқа да қолдаушылар жағынан кең етек алуы мүмкін.

Үкімет тарапынан бұл жұмысқа қаржы және жоспарлау министрлігі,гендер теңдігі мәселесімен айналысатын органдар,салалық министрліктер,жергілікті басқару органдарымен парламенттер жатады.

Бұл қатарға генддер мәселесімен айналысатын үкіметтен тыс сонымен бірге әйелдер ұйымдары,ғылыми ұйымдар,азаматтық қоғамның басқа да топтары кіреді.

Бұлардың әрқайсының өз орны мен ролі бар.Сол себептен де гендерлік бюджеттің қолдаушылардың өз ерекшелектері мен айырмашылықтары бар.

Келесі терминдердің мағыналарын анықтаған жөн болады.»гендерлік бюджеттендіру» «гендерлік бюджет»және»гендерлік бастама ұсыну»

**Гендерлік бюджетті**-мағыналы тұрғыдан алғанда қолдануға құрал деп тануға болмайды.

Мұндай бюджет мемлекеттік және жергілікті бюджеттің трансформацияланған - спецификалық түрі, яғни оның құрамына гендерлік бағыттарды енгізу арқылы,оның әдеуметтік экономикалық тиімділігін арттыру.

Гендерлік бюджет сияқты осындай басқару технологиялық кеңістігі-ол біріншіден мемлекеттік және жергілікті бюджет,мемлекеттік және әлеуметтік қамсыздандыру қорлары, сонымен бірге мемлекеттің үшінші секторын үкімет тарапынан қолдауға жатады.Мұндай деңгейдегі технологияларды қолданудың түрлері көп:мемлекеттік деңгейден бастап,ауылдық бюджетке дейін,жалпыұлттықбағдарламалардан бастап, жергілікті мекен мен жеке мекеменің бағдарламасына дейін, макроэкономикалық жобадан микроэкономикалық жобаға дейін (жеке іскер азаматтар тобы)

**Гендерлік бюджеттендіру** гендерлік теңдікті мемлекеттік және жергілікті бюджет деңгейінде практикалық іс тәжірибесінде қолдануға арналған. Шын мәніне келгенде гендерлік бюджеттендіру дегеніміз, гендерлік бағытты әлеуметтік және экономикалық салаларға іс жүзіне енгізудің мемлекеттік құралы болып саналады,яғни бюджеттің қаржылық көздерін тек әйелдер мен еркектерге ғана емес,әлеуметтік жағынан аз қорғалған топтарға, балаларға, мүгедектерге, зейнеткерлерге т,б, бағыттау жағын қарастырады.

Гендерлік бюджеттендіру сонымен бірге бюджеттік қаржыландырудың әйел мен еркектің әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктеріне ықпал етуді зерттейді. Осындай өлшем дәрежелерінің ықпалын зерттей келе мемлекеттің қаржысын игере отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізу, гендерлік бюджеттендірудің басты кілті болып табылады.

## **Гендерлік бастамалар, олар әртүрлі гендерлік бюджеттерді жасақтаудан бастау алады.**

Оларды жүзеге асыру ГБ-ң саяси деңгейіне байланысты, нақты мәселені қамту деңгейіне, сондай-ақ бюджеттің қолдану этапына сай жүзеге асады. Гендерлік бюджет бастамалары әртүрлі деңгейде болады, яғни жалпы мемлекеттік және аймақтық, жергілікті бюджетке қатысы бар.

Тиісінше гендерлік бюджеттендірудің нақты бастамасы әр түрлі болуы мүмкін. Атап айтқанда, жеке құжат ретінде, бюджетке қосып, қосымша ретінде ұсынылуы мүмкін, мүдделі топтардың құжаты ретінде, мемлекеттік басқару құрылымдарына жатпайтын ұйымдары атынан ұсынылуы мүмкін.

Гендерлік бюджеттік бастамалардың негізгі мақсаттары: саяси процестерді қабылдау мен бағалау жүйесі, гендерлік көзқарастарды есепке ала отырып, механизмдерді қолданыстарға енгізу, бюджеттерді жасақтауға және оның гендерлік бағытын ұстана отырып, ресурстарды жұмсауға барлық мүдделі жақтарды қатыстыру. Әрине, гендерлік бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары әр түрлі болары анық. Өмірде көп кездесетін мынандай жағдайлар болады: зерттеулер, адвокация, мониторинг, оқыту, ақпараттандыру, талдау және саяси ағымды талдау. ГБ бастамалары бюджеттік қаржыларды көбейтуге және басқа салаларға қайта қарауға бағытталуы мүмкін, ресурстардың сапасын арттыруға, ресурстарды қайта қарауға, мемлекеттің саясаты мен бағдарламаларының типін өзгертуге негіз болады. Сонымен бірге бюджетті түгелдей талқылауға немесе оның бір саласын (денсаулық саласын) талқылай алады. Сондай-ақ нақты бір проблеманы көздеп, оған қатысы бар саланың жұмысын таразылайды.

## **Қазақстан Республикасының гендерлік Стратегиялық саясатындағы, гендерлік теңдік жөніндегі бағыты.**

Гендерлік бюджет-мемлекеттік бюджеттің барлық салаларға әйелдермен еркектердің барлық тобына қызмет көрсетудің ықпал ете алатын құралы.

- Яғни ол гендерлік бағытта көрсетілген қаржыларды талдап отыруды қарастырады,
- Әйелдер мен еркектерге бөлінген негізгі шығындар мен қызметтерден туындайтын нәтижелерді көздейді,
- Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы тең мүмкіндіктердің стратегияларын және жұмсалатын қаржыларды талдайды.

## **Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейін арналған гендерлік және отбасылық саясат жайлы Концепциясы туралы**

Гендерлік ағым (соның ішінде гендерлік статистика) гендерлік ағымдар мемлекеттік және бюджеттік жоспарлауға енгізіледі, дайындалған гендерлік жоспарлар құқықтық нормативтік заң жобаларын дайындаған кезде есепке алынатын болады. Ол актілер әйелдер мен еркектердің тең мүмкіндіктерін ескереді.

Қазақстан Республикасының статистика басқармасының өкілетті органдары барлық салаларды қамтып, ондағы әйелдер мен еркектерге арналған көрсеткіштерді кеңейтіп отырады.

Мемлекеттік органдардың бюджеттерін жасақтау барысында гендерлік бюджеттендірудің мәселелері қамтылады.

Қазақстан Республикасы президентінің жанындағы Басқару Академиясымен бірлесе отырып, гендерлік бағыттағы бюджеттендіру жөнінде мемлекеттік қызметкерлерді үздіксіз оқытуды қамтамасыз етеді.

Гендерлік теңдікке жеткізу табыстары-адам баласының тұрақты дамуының басты факторы.

Гендерлік теңдік мәселесі мен әйелдердің теңдігі және олардың құқықтық мүмкіндіктерін кеңейту тақырыбы БҰҰ-ң көптеген әлемдік конференцияларында талқыланып келеді.

Атап айтқанда 2020 жылы Нью-Йоркте өтті. Бұл гендер тақырыбына арналған бұл саммитке әлемнің барлық елдері қатысты. Гендерлік теңдік адамдардың жыныстық ерекшеліктеріне қарамай, барлық байлық пен игілікті әлеуметтік қызметін бірдей пайдалануға мүмкіндік береді.

## **Жергілікті орындағы гендерлік бюджет**

Кез келген бағдарламаның өмірге ойдағыдай енгізілуі оған бөлінген қаржыға байланысты. Қаржыландырылмаған кез келген бағдарлама қағаз жүзінде қалады. Гендерлік факторлар ескеріліп жасалған бюджет орталық және жергілікті билік орындары бюджетке келесі өзгерістерді енгізеді.

- Бюджеттің саяси тиімділігін арттыру,
- Гендерлік теңдікті дамыту,
- Жоғарғы қажеттілікті және тиімді басымдықтарды көздейтін жоспарлар дайындау,
- Тиімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында адекватты бюджет жасау.

## **Гендерлік бағыттағы бюджеттің қолданудың басты элементтері (ГББ)**

### **1. Гендерлік мазмұнды талдау.**

Жақсы талдау жүргізу-ГББ-ң басты өзекті элементі болып табылады.

ГББ-ы талдау-саясат пен бюджеттердің гендерлік теңдікке ықпалын зерттейді. Олар мынандай сұрақтарға жауап іздейді:

Бюджеттерді ескере отырып, жасалынып отырған саясатпен көрсетілетін қызметтер гендерлік теңдікті жұмсартпа ма немесе қиындата ма, әлде гендерлік теңдікті өз қалпында қалдырады ма?

ГББ талдауының құрамына 5 нақты қадам жасалынады:

1-қадам: Ұсынылынған қызметтерге базалық зерттеу және талдау жүргізу

2-қадам: Осы саладағы гендерлік проблемаларды анықтау

3-қадам: Ұсынылған осы қызметтерден кімдер қаншалықты пайда табады

4-қадам: Бөлінген бюджетті талдау

5-қадам: Гендерлік бюджетті жақсартуға бағытталған ұсыныстарды дайындау

Мысалы:

Талдау жүргізу барысында ауылда тұратын онкологиялық ауруға шалдыққан әйелдерге тегін түрде қала тұрғындарымен бірдей скрининг жасау мүмкіндіктері шектелгендігі анықталды. Себебі ауыл әйелдері ақпарат алмаған немесе қалаға бара алмаған. Осыдан кейін барып, ауыл әйелдері ақпараттандырып, скрининг жасау үшін билік орындары қаладан автокөлікпен қамтамасыз етті.

### **2. ГББ-ң жұмысына барлық муниципальдық органдарды қатыстыру**

ГББ-ны жергілікті муниципальды органдарының департаменттерінің бірлесіп жауап беретін бір тұтас құрлымы деп қабылдауға болмайды, себебі олардың құрамдас бөліктері, көліктен бастап инфрақұрылымға дейін, экологиядан бастап, әлеуметтік экономикалық қызметтер түрін көрсетуге дейін, әйелдер мен еркектер үшін әртүрлі сұраныстар мен нәтижелерді өз міндетіне алады. Осы тұрғыдан алғанда, мәселені бір ғана бөлім үйлестіргеніне қарамастан жоспарлау жұмысына және мониторингтік бақылау жұмысын іске асыруға басқа да барлық бөлімдердің қатысуы қажет. Жоспарлау мен бюджетті жасақтау процесінде қаржы Департаменті жетекшілік жасай отырып, ГББ-ң қызмет тиімділігін арттырады.

### **3.Стратегиялық жоспарлау мен бағдарламаларды жасау болашағына гендерлік мәселелерді енгізу**

Гендерлік проблемалардың стратегиялық жоспарлар мен жылдық бағдарламаларға енгізілуі ең маңызды нәрсе, сонда ғана гендерлік теңдік мәселесу муниципалитеттер үшін приоритетті болуы тиіс. Осы мақсатта:

- Гендерлік мазмұны бар міндеттер мен мақсаттар стратегиялық жоспарлар мен іс шаралар стратегиялық жоспарларға ұласуы мүмкін
- Гендерлік фактілерді ескере отырып, анықталған көрсеткіштер бағдарламаның қаншалықты нәтижелікті болғандығын көрсетеуі мүмкін
- Атқарған қызметі жайлы жасаған есеп-қисаптарында гендерлік теңдікті дамыту жөніндегі ақпараттармен қамтылуы мүмкін
- Қала басшылары стратегиялық жоспарды дайындау кезінде гендерлік теңдік мәселесіне басымдық бере алады

### **4.Бюджетті жоспарлаудағы гендер мәселесінің болашағы**

Адекватты бюджетті қабылдау маңызды, себебі гендерлік теңдікке қатысы стратегиялық жоспар мен жылдық бағдарламаларға мақсат пен міндеттерді және іс шараларды кіргізу қажеттілігі туындайды.

Демек бюджетті гендерлік көзқарас тұрысынан бағалаған жөн:

- Стратегиялық жоспарда гендерлік теңдікті дамыту іс-шараларына қаржы бөлінді ме?
- Бөлінген қаржы жеткілігі ме?
- Бұл қаржы муниципальдық бюджеттің қанша пайызын құрайды?
- Осы қаржының қанша пайызы көзделген мақсатқа жұмсалды?

### **5. Гендерлік бағыттағы жоспарлау процестері мен оларды жүзеге асыру қызметіне тиісті өкілеттілік жолмен қатысу.**

ГББ-ң қызметінің ең басты міндеттерінің бірі-әйелдердің ең жоғарғы муниципальдық органдық басшылықтар да өкілетті орындарға ие болуы және шешім шығару процесіне қатыстырылуы, сондай-ақ әйелдердің еркектермен тең жағдайда қатысуын қамтамасыз ететін механизмдерге араласуы.

- муниципалитеттегі әйел қызметкерлерінің саны қанша және қанша пайызы қатысады?
- муниципалдық құрылымдар әйелдің қанша пайызы басшылық қызметте істейді?
- кеңесші қызметіндегі әйелдердің пайызы қанша?
- кеңесші әйелдер муниципалдық органдардың қандай комиссиясыларына кіреді?
- муниципалдық органдардың шешім шығару процестеріне қатысатын әйелдердің саны жеткілігі ме(әсіресе, бюджет қабылдаумен басымдық беру мәселелері бойынша)
- әйелдер қатысу процесіне тең құқығы бар ма?
- әйелдердің муниципалитетпен кезесіп жұмыс істеуге уақыты мен мүмкіндігі сәйкес келе ме?

### **6. ГББ-ң даму жолын бағалау**

Бюджет тақырыбына гендерлік теңдік саясатына байланысты өзгерістерді енгізу және оның ықпалына зерттеу жүргізу өте маңызды.

Муниципальдық департаменттердің қатысуымен жасадатын барлық есеп-қисаптар, муниципалитеттің ішінде мониторингі жүргіздің басты құралы болып саналады.

Жылдық есеп-қисаптардың ішінде саяси бағалар да берілуі мүмкін, гендерлік теңдік қызметтеріне және оған балама бола алады, гендерлік теңдік жайлы жасалған бюджеттің есебі жылдық есеп-қисапқа кіргізіліп, ГББ-ң жұмыс қорытындысын сипаттап беруге мүмкіндік жасайды(бюджетпен бірге)

Азаттық қоғамның ұйымдары сырттан жасалатын мониторингердің маңызды қатысушылары болып саналады:

- муниципалитеттердің гендерлік теңдікті дамыту жөніндегі жұмыс нәтижесі қандай?
- бюджеттік қаржының қанша пайызы осындай жұмыстарға жұмсалды?
- муниципалитеттер гендерлік теңдікті дамытуға қанша және қандай дәрежеде қамтамасыз етті?

### **ГББ-ы табысқа табысқа жеткізудің кілті**

Халықаралық және ұлттық тәжірибе көрсеткендей, төмендегі шешуші факторлар ГББ-ң бастамаларына көмектесіп, оның тиімді әрі табысты жұмысын қамтамасыз етеді, яғни нәтижесін табысты етеді:

- Саяси жігер
- мүдделі жақтардың тиімді ынтымақтастығы мен әріптестігі,
- мониторинг жүргізумен баға бере алатын потенциалды дайындау, атап айтқанда гендерлік бағыттағы әйелдер ұйымы үшін,
- Шешім шығаратын процестерге, атап айтқанда гендерлік мәселелерге қатысты процестерге қатысуды арттыру,
- ақпараттық-ағарту қызметінің даму тұрақтылығы,
- Гендерлік ұйымдардың тиімді қызмет атқаруы,
- Муниципалитеттер арасындағы өз ара тәжірибе алмасуды кеңейту.

### **ГББ-ң қызметін жүзеге асырудағы мүдделі орындардың жергілікті деңгейдегі ролі**

Көптеген қатысушылардың, атап айтқанда қалабасылардың, муниципалитетпен департамент басшыларымен, муниципалитет кеңестерінің, университеттер, БАҚ орындары ГББ-ң қызметінде атқаратын жергілікті деңгейде ролдері әртүрлі.

ГББ-ң жұмысының табысты болуы олардың бірлесе атқарған үйлесімді жұмыстарына байланысты.

### **Қала басылары**

ГББ-ң қызметін өмірге ендіруде саяси батыл қадамдар жасау

### **Барлық муниципальдық органдар**

- Гендерлік теңдікке қатысы бар мәселелерді күн тақырыбына енгізу,
- Әйел теңдігімен олардың құқықтарын кеңейту, бюджеттендірумен қызмет көрсетуге әйелдерді тарту, олардың жан жақты дайындылығын арттыру,

### **Муниципальдық кеңестер**

Стратегиялық жоспарлар мен бағдарламаларды жылдық есепті талқылаған кезде гендерлік теңдікпен әйелдердің басымдық құқықтарын күн тәртібіне кіргізіп, оларды талқылауға бастама көтеріп отыру керек

«Гендерлік теңдік жөніндегі комиссияны» құру

### **Азаматтық қоғамды ұйымдастыру**

- Әйелдерге қатысты приоритеттер мен қажеттіліктерді айқындау, муниципалитеттерге қатынас жазып, олардан тиісті міндеттерді орындауды талап ету,
- Гендерлік теңдікті дамытуға байланысты, саяси мониторинг жүргізу, бюджеттерді жоспарлау және қызмет көрсету,
- Қажеттілігіне қарай ынтымақтастық қатынастарды дамыту,
- Жергілікті билік органдары мен азаматтық қоғам мүшелерінен тұратын бюджетті мониторингілейтін органды жасақтау

## **Университеттер**

ГББ-ға және гендерлікпен айналысатын зерттеулерге қатысу, осы салада жинақталған тәжірибесімен бөлісу, атап айтқанда муниципалитеттермен және гендерлік ұйымдармен тығыз байланыста болу,

## **Медиа**

Гендерлік қоғамдармен бірлесе жұмыс істей отырып, олардың гендерлік мазмұндағы ұмтылыстарын жұртшылыққа кеңінен жеткізу

## **ЗАҢ ШЫҒАРАТЫН ОРГАНДАРДЫҢ ГББ-НЫҢ БАСТАМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЫҚТИМАЛДЫҚ РОЛІ**

- ГББ-ны институттандыру мақсатындағы заңнамаларды бекіту,
- Парламенттегі бюджет тақырыбына байланысты өтетін дебаттар кезінде гендерлік теңдікті қорғауға мүмкіндік беретін нақты шаралар мен ресурстарды қорғау,
- Гендерлік теңдік үшін бөлінген ресурстарды жақсарту үшін түзетулер мен ұсыныстарды енгізу,
- Гендерлік теңдік үшін бөліп пайдаланылған қаржыларды бақылау,
- Гендерлік теңдікке дамытуға бағытталған жаңа заң ережелері бойынша бөлінген ресурстардың механизмдерін дайындап іске қосу,
- Әйел ұйымдарына және олардың одақтастарына нақты айғақтармен көмектесіп, олардың заңнама тақырыптары бойынша пікір таласқа қатысуына жол ашу,

## **АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ГББ-Ң БАСТАМАЛАРЫН ДАМУДАҒЫ ЫҚТИМАЛ РОЛІ**

- Бюджетке гендерлік талдау жүргізеді, гендерлік теңдікті ұлғайтуға қажетті дәлелдерді жинайды. Бөлінген ресурстарды дәлеледейтін айғақтар жинайды.
- ГББ-ны құқықтар мен саяси шеңбердің аясына кіргізуді қолдайды.
- Өртүрлі салалық бағдарламалармен және олармен байланысты бюджеттердің ішіне әйелдерге басымдық беретін көрсеткіштерді енгізу.
- Жоспарлау барысында немесе бюджеттерді жасақтау кезінде әйелдердің өкілдері қатысатын болса, мемлекеттік жоспар мен бюджетті қабылдау кезінде күн тақырыбына әйелдердің талабын кіргізу. Әйелдердің осындай мәселелерге қатысуы олардың талаптарының маңыздылығы және жан-жақты түрде ақпаратпен қамтамасыз етілуі өте қажет.
- Бюджеттің орындалуын бақылау және мониторинг жүргізу. Бұл жұмысты тәуелсіз түрде немесе әйел депутаттармен бірлесе жүргізуге болады.
- Бюджетке гендерлік мәселеге және саясатқа қатысы бар мәселелерді көтеру арқылы бақылаушылық қызметті атқару.

Азаматтық қоғамның ролі өте маңызды. Гендерлік бюджеттендірудегі жаңашылдықтардың басым көпшілігі азаматтық қоғамның атқаруымен жасалады. Азаматтық қоғамдағы бастама көтерушілер, өз пікірлерін табанды түрде қорғайтындар сарапшылардың білімін пайдаланып, мониторингтік бақылау жүргізетін жерде гендерлік бюджеттендіру табысқа ие болады.

## **ГББ-Ң ӘДІСТЕМЕЛІК БАЙЛАМДАРЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ**

**6 әдістемелік байламның шеңберінің ішінде ГББ-ң әртүрлі құралдары ұсынылады.**

1. «ГББ-ң үш кезеңі ШейлыКуинн» Осы үш кезең гендерді енгізуге қажетті процестің толық циклына сәйкес келеді, сөйтіп бюджеттің сапасы мен бақылауын қамтамасыз етеді.
2. «ГББ-ң заңнамасына қатысты екі әдіс «ГББ-ны заңнамалық ережелерге кіргізудің екі әдісі бар. Бірінші әдіс Австрияда қолданылады, екіншісі-Белгияда (2007ж)
3. «Әйелдердің бюджеттік баяндамасы» Бұл әдіс ГББ-ы мәселесінде бірінші болып биліктің барлық деңгейінде Австралияда қолданылды.



4. «Дианна Элсонның7 құралы».Бұл әдіс Достастық елдердің Секретариатының тапсырысымен дайындалған.
5. «Дебби Бадлендердің 5 қадамы.ГББ бойынша Оңтүстік Африкада ертеректе жасалған бастама.
6. «Методология 4R» («TheLadder»).Бұл құралы 1990 жылы Швецияда дайындалып,2000 жылы жетілдірілген.

### **ШейлаКуиннің ГББ-дағы үш кезеңі.**

**Шейла Куинн -саяси экономист және гендер саласының тәуелсіз маманы,әртүрлі кеңестер беруші, оқыту және зерттеу саласында техникалық қолдау көрсетуші,атап айтқанда гендерлік проблематика және гендерлік бюджет жасау саласында қызмет етеді**

**1. Кезең.-Бюджетті талдау,гендерлік теңдік проблемаларына кешенді көзқараспен қарап,бюджеттендіру.**

Бюджеттің гендерлік мазмұнын талдау талдау арқылы бюджеттің әйел мен еркекке ықпалының әр түрлі екендігін білдіреді.Экономисттер мен қаржыгерлер ақшалай өлшемдермен және қаржылай көркешкіштермен жұмыс атқарады, бірақ бюджеттің ең соңғы өнімі төлемдер,жалақы,адамдарға қызмет көрсету болып табылады.Талдау жұмысының бірінші кезеңінде ең соңғы тұтынушыға жеткізетін деректері бар,есеп-қисапты жоспарлайды немесе бюджеттік бағдарламаның әйел мен еркектерге жеке жеке бөліп беруді қарастырады.Бастапқы кезеңде жүргізілетін осындай талдау жұмысы, жеңілдіктердің барлық түрін(жәрдемақы) әйелдер мен еркектерге арналған әлеуметтік төлемдерді зерттейді.

Қоғамдық игіліктерді халық қажетін жаратуды талдау-бұл әдістеме бойынша мемлекет қаржысын әртүрлі демографиялық топтарға бөліп,жаратуды көздейді,соның ішінде әйелдер мен еркектерді қамтиды.Бұл талдау бойынша мемлекеттің әрбір адамға (жан басына) жұмсайтын қаржының көлемін көрсетеді-мысалы,бастауыш мектептегі бір оқушыға жұмсалатын ақша көлемі, ауруханадаға тәулікте бір адамдық орынның бағасы, жұмыспен қамту орталығындағы тіркелі бағасы.

Бұл таладау мемлекеттік деректерді пайдаланушылардың мәліметінің негізіне сүйене отырып алынған. Мұндай деректерді табу қиын болмаған жағдайда әр түрлі демографиялық топтардың бенефициарларының көрсеткіштерін табуға болады.

Осындай тереңдетілген гендерлік талдаудың тұрғысынан алатын болсақ,бұл зерттеу мыналарды көрсетеді:

1. Бюджет қандай дәрежеде тұтынушының талабына сай келеді;
2. Гендердің ролі мен тұтынушының мұқтаждық талабы қанағаттандыру деңгейіне қаншалықты сәйкес келеді;
3. Қызымет көрсетілмеген мақсатты топтардың жолындағы талаптар мен тосқауылдар қандай болды;
4. Бюджет немесе оның кейбір баптары гендерлік теңсіздікті жақсартты немесе бұрынғы деңгейін өзгертпеді;
5. Гендерлік дамыту жөнінде жарияланған саясатпен бюджеттің арасында айырмашылық бар ма;
6. Бюджеттегі экономикалық қамқорлық мәселесінде әйелдер мен еркектердің өзгеріп тұратын қатысу белсенділігі есепке не себептен алынуы тиіс.

Талдау жұмысы сандық және сапалық деректерге сүйенеді.Оның құрамында ведомствалардың ішкі және сырттай ақылдасу жұмыстарына негізделеді және де тұтынушылармен олардың өкілдерімен кеңесіп жұмыс жүргізеді.

## **2. Кезең-гендерлік теңдікті жақсарту мақсатында шығын баптарын басқаша жазу**

Бюджеттік шешімдердің гендерлік мазмұнын талдау бюджеттің шығын баптарын реструктуризациялауға үкіметтің гендерлік теңдікті орындау мүмкіндігі артады.

Осындай талдау арқылы әдейі жасалмаған дискриминациялық оғаштықтар байқалынуы мүмкін. Талдау барысында бюджеттік ресурстар гендерлік теңдіктің принципті бұзып бөлінген болса, ондай кезде гендерлік теңдікті бұзған бюджеттің сол баптары өзгертіледі. Егер гендерлік бюджеттік қаражаттардың бөлінуі гендерлік теңдік мәселесі мемлекеттің саясатына сай келмесе, ондай кезде ол бюджет қайта қаралуы тиіс.

Кейбір жағдайларда реструктуризациялау арқылы оны шешуге болады, яғни байқалған проблемаларды уақытша шығын баптарын енгізу жолымен жөндейді.

Дегенмен бірлі жарым немесе уақытша шаралар проблеманы түгел шешпейді, бюджеттің гендерлік мазмұнын талдау барысында бюджетке деген көзқарас гендерлік бейтарап болса ол шешілмейді. Қарастырылып отырған қаржы баптарын өзгертуді қажет етуі мүмкін, тұрақты негізде мақсатты қажеттіліктерді және теңсіздікті өзгертіп жөндеп отыру үшін сондай-ақ оларға тиісті баптарды нақтылып отыру үшін қажет.

## **3. Кезең-Гендерлік элементтерді бюджеттің барлық процестеріне қатыстырып, жүйелі жұмыс жүргізу**

Бұл кезең гендер мәселесінің құрамындағы бюджетті дауындау және оны орындау процесін қамтиды.

Гендерлік бюджеттендіру оның мазмұнына ғана қатысты емес, ол сонымен бірге бюджетті дайындау мәселерін де қамтиды. Бюджеттік шешімдер қалай қабылданады, қандай тұжырымдарға сүйенеді, шешімді кімдер қабылдайды, шешімдерге кім ықпал етеді, кімдер ол шешімге ықпал ете алмайды. Осының бәрі өте маңызды. Мемлекеттік шығындарды басқару-саяси процесс. Бюджетті жасаудың техникалық мәселерін білу және оны орындау керек, бірақ оның саяси жүйеге ықпалын білген дұрыс.

Гендерлік бюджеттендірудің көптеген бастамаларында азаматтық қоғам тарапынан мемлекетті бақылау шешуші рол атқарды. Гендерді интерграциялау-бюджеттік процестің талдау категориясына жатады, бұл ұзақ мерзімдік талдау жұмысы, мониторингілеу мен реструктуризацияға жатады. Бұл процес жаңадан талдау жүргізу арқылы жетілдірілген, яғни мемлекеттік қаржыны тиімді пайдаланудың мақсатын көрсетеді.

ГББ-ны интеграциялауға гендерлік мәселерді анық түсінген дұрыс, бұл түсінікке кеңес алу, талдау жүргізу, сонымен бірге әйелдер мен еркектердің үнемі өзгеріп тұратын мүдделеріне сәйкес бюджеттік түзетулер енгізіп отыру қажет

Интеграциялау бюджетпен әр түрлі әдістер жолымен жұмыс істеуді қолдайды, күнделікті операциялық процестерге жаңашылдық көзқараспен жүйелі жұмыс жүргізеді, жұмыс мәдениетін өзгертіп отырады, сонымен теңдік мәселесін рефлекторлық деңгейде шешеді, сөйтіп теңдік мәселесін интеграциялық жолмен бекітеді.

Осы үш кезең циклдық айналыммен жүреді, талдау жұмысының тәжірибесі мен бюджеттің баптарын қайта тұжырымдау, теңдікті ендіру саласында қаржы жүйесін дамыту, потенциалды нығайтып тұрақтандырады.

Шейла Куинннің тұрғысынан алғанда ГББ бюджеттің мазмұнын ғана көрсетпейді. Процестің өзі маңызды:

- Бюджеттік шешімдер қалай қабылданады,
- Бюджетке ақпарат тарататын болжамдары
- Кімдер шешімді қабылдайды,
- Кімдер шешімге ықпал етеді,
- Шешім қабылдау процесіне кімдер жіберілмеді,

Бюджетті талдау барысында мынаған назар аудару қажет:

- Бұл бағдарламаларға қаржы түгел бөлінді ме, түгел жұмсалды ма? Егер түгел жұмсалмаса, жұмсалғаны қанша?
- Мақсатты топқа арналған қаржы жеткілікті ме? (Мақсатты топқа қаржының қанша пайызы жұмсалды)
- Жылдық қаржы көбейді ме, азайды ма?
- Негізгі қаржыландыру мен уақытпен (жылдық және т.б.) шектеліп бөлінген қаржылардың сипаты қандай,
- Қаржыландыру линиясымен қандай мақсаттар ұштасады?
- Қандай мақсаттар қойылды, өлшемге қандай индикаторлар пайдаланылды, көзделген мақсатқа қол жетті ме?
- Бұл бағдарламаға биліктің көзқарасы қандай?
- Бұл бағдарламаға гендерлік баға беретін іс-шара жасалды ма?
- Бағдарламаның іс-шараларына баға беретін мониторингертер жүргізілді ме?

## ГББ-Ң ЗАҢНАМАЛАРЫНЫҢ ЕКІ АМАЛЫ

**-1-Амал-гендерлік теңдік мәселесінде бір немесе онан көп мақсаттар қою,** тиісті іс шараларды дайындау, сол мақсатқа жету үшін бюджеттен қаржы бөлу.

**-2-Амал-гендерлік теңдікке жету жолында тиісті өзгерістер жасау үшін бюджеттің барлық баптарын жүйелі түрде талдап отыру керек.**

Екі амалдың арасындағы стратегиялық айырмашылық мынада, бірінші амал гендерлік теңдіктің аймағында, нақты сектор мен байқалған проблемалардың ішінде жинақталған. Оларды шешу қажет. Мысалы, білім саласындағы гендерлік баланстың бұзылуы. Үшінші деңгейге дейін оқып қыздар көп пе, аз ба? Ер балалардың ғылым пәндеріндегі үлгірімі жақсы ма? Ер және қыз балалардың спорттық сабақтарға қатысуына назар аударған жөн.

Осындай сектораралық талдау, гендерлік теңсіздікті түсінуге мүмкіндік береді сондай-ақ қандай шаралар қабылдау керектігін көрсетеді және жағдайды өзгерту үшін қандай ресурстарды жұмсауды нақтылап береді.

Екінші амалдың бастысы-бұл күнделікті іс-шаралардың бағдарламасы және оған тиісті бюджеттің баптары. Бюджетке енгізілген әр бір іс-шара үшін, талдау жұмысының мақсаты-олардың әрқайсысының әйел мен еркекке жасайтын ықпалын анықтау, әйел мен еркекке теріс ықпалын білу, баланстық теңдіктің бұзылған жерлерін жөндеу мақсатында өзгерістер енгізу және гендерлік теңдікті дамыту.

**1. Амал:** гендерлік теңдік саласындағы бюджеттендірудің масатын айқындау

Бұл амалды Австрия үкіметі ГББ-ы енгізу шеңберінде қолданды. бюджеттің үш деңгейінің әр қайсысы үшін елдегі жаңадан шыққан заң ережесі бойынша (әр тарауға байланысты, глобальдық және детальдық бюджет) үкіметтің барлық департаменттері жылына кем дегенде гендерлік теңдіктің бір мақсатын кіргізуі керек.

Австриялық формат бойынша бұл мақсаттың келесі сипаттамасын береді:

- Мақсаттың нәтижесі,
- Бұл мақсат не себептен таңдалған
- Мақсат жету үшін не көзделіп отыр,
- Табыстың нәтижесі немен өлшенеді.

Мұндай формат шеңберіндегі мақсатты сипаттау үшін, ведомствоның жауапкершілік аймағындағы гендерлік теңсіздіктің мән жағдайын анықтайтын ақпаратты білу қажет.

Назар аударыңыз, мақсат нәтижемен пара-пар. Бюджетті дайындаудың дәстүрлі процесінде «табыс» және «шығын» терминдері қолданылады.

ГББ-да күштің нәтижесі тиімділікті және қоғамдық игіліктің прогресін көрсетеді. Бұл нәтиже нақты және өлшеммен бағаланады.

Бұл ұмтылыс қана емес. ГББ-нің мәтініне сәйкес гендерлік теңдіктің күштің нәтижесін тұжырымдайтын болсақ, департаменттің жауапкершілік аймағын анықтайды, гендерлік теңдікті жақсартатын орынды табады. Әр секторда-білім, денсаулық, еңбек нарығы және әлеуметтік қорғау, қала мен ауылдың дамуы, іскерлік т.б-гендерлік теңсіздік қайда және қалай болып жатқанын түсіну, оның приоритеттік мақсаттары қандай, саясат үшін жауап беретіндер мен нақты дерек арқылы мақсаттар қоюға мүмкіндік береді.

Бұл амалдың маңызды жағының бірі-гендерлік теңсіздіктің байқалған тұсын көрсетуге қабілеттілігі.

Бұл әдіс қойылған мақсатқа жетудің үлкен масштабтағы ұзақ мерзімді саясат жолы. Мысалы, Верлооның айтуынша, саяси үшін жауап беретін кісілер жергілікті халықтың жағдайындағы гендерлік теңсіздіктің көлеміне баға бермейінше, шынайы ауқымды баға қою мүмкін емес.

1. Қосымша Гендерлік теңдік саласындағы мақсатты анықтайтын қадамдар

1. Ведомстваның қызмет шеңберіндегі жауапкершілігі бар аймақтардың толық тізімін жасау. Бұл тізімге ведомстваның қарамағына кіретін барлық мекемелер, олардың бөлімшелері мен кәсіпорындар кіргізіледі.

2. Әрбір жауапкершілігі бар аймаққа сай ондағы гендерлік теңсіздікке жеткізуі мүмкін потенциалды оқиғалар жайлы барлық алдын ала алынған ақпаратты жинау.

а. Мүмкін болатын барлық статистикалық ақпарат көздерін табу.

д. Бұл ақпараттың бір бөлігін ауқымды географиялық кеңестікте тренд есебінде пайдалануға болады. Бұл трендтің Сіздің елге де пайдасы тиуі мүмкін.

с. Тиісті министрліктерпен, ҰЕҰ мен департаменттермен тең жағдайда кеңестер арқылы приоритеттік мәселелер төңірегінде бас біріктіруге мүмкіндік береді

3. Қолда бар мәліметтердің негізінде гендерлік теңсіздік болуы мүмкін деген приоритеттік салалардың тізімін жасау, осы тізімнен үш саланы әрі қарай зертеу үшін таңдап алынады.

4. Осы таңдалған үш сала бойынша гендерлік теңсіздіктің мәнін сипаттайтын жан жақты қысқаша шолу жасау.

5. Алынған ақпараттарға сүйеніп, әр сала бойынша гендерлік теңдіктің мақсаттық нәтижесін анықтау.

6. Департаменттің жоспарлаған осы саладағы іс-шараларын зерттеу, гендерлік теңдік бойынша осы мақсатқа жету жолындағы іс-шараларға өзгерістер қажет не қажет еместігін анықтау.

7. Егер қойылған мақсатқа тиісті іс шараларды өзгерту арқылы жетуге мүмкіндік болмаса, мақсатқа жету үшін жаңа іс шаралар (немесе бірнеше іс шаралар) дайындау қажет

8. Ұлттық даму жоспарын жүзеге асыру кезеңіне шынайы қол жетімді мақсат қою, мүмкін болса, жылдық немесе орта мерзімді мақсат қою.

9. Қойылған нақты мақсатқа байланысты іс-шаралардың бағасын анықтау

10. Бюджет шеңберінде басқада іс-шараларды атқаратын басқару саласының құрлымын көрсету, мониторингілеу және өмірге енгізу.

Бюджет жасаудың барлық аспектілері әрқашан дамып отыратын процес. Гендерлік тұрғыдан талдау жүргізетін шенеуліктер осы қызметін дамыта берген сайын сыртқы сарапшылармен топтардың өкілдерімен байланысқан сайын қойған мақсаты адерісті болады.

Іс-шаралар	Мақсаты
3 жасқа дейінгі балалар мекмелерінің санын арттыру хх%	Еңбек нарқындағы толық жұмыс күнімен қамтылған әйелдердің жоғарғы деңгейі
Ұлттық тестілеу бағдарламасы аясында профилактикалық тегін медициналық тексерулер жүргізу	50-ден асқан ерлердің денсаулығын жақсарту
Орта мектептерде техникалық және ғылыми гендерлік сипаты бар әдістер жолымен оқыту.	Техникалық және ғылыми зерттеулерге әйелдердің қатысу деңгейін арттыру
Жүргізушінің куәлігін алатын талаптарды қарастыратын заң жобасын дайындау	Жасы 25 ке дейінгі ерлердің жол қауіпсіздігін жақсарту
Гендерлік аспектілерді алдағы келе жатқан салық реформамен интерациялау табысы төмен деңгейдегі адамдардың жеңілдіктерін қосқанда. Егер екі әріптес отбасылық жағдайға байланысты еңбек демалысын алып, қызметтік міндеттерін бөліссе оларға қаржылық төлемдерді көтеру	Әйел мен еркектің арасындағы жалақы айырмасын қысқарту

## 2. Амал: ГББ-ны бюджеттің барлық іс-шараларына енгізу

Екінші амал бойынша гендерлік теңдіктің саласындағы нәтижені қамтамасыз ету үшін бюджеттің әрбір іс шарасын бағалайды. Бұл амалды Белгияның үкіметі өз заңнамасына сәйкес 2007 жылы гендерлік теңдікті ендіретін Комплесті кешенді амалдар жолымен қабылдаған.

Бұл амал барлық бюджеттік шешімдерді бақылайтын талдаудың категориясы арқылы гендермен интеграцияланады. Гендерлік теңдік проблемасын шешудің кешенді амалдарын 2007 жылғы процедуралар бойынша қарастырылған.

Бұл амал алдағы уақытта заң жолымен реттелуі тиіс, стандарттық хат жолымен таратылатын болады, мұның өзі гендерлік даму мәселесінің бюджет үшін екінші дәрежелі мәселе емес екендігін көрсетеді. Сонымен берге, бұл амалды мемлекеттік басқаруды тиімді атқарудың бір көзі деп қарастыруға болады.

Жалпы алғанда осындай жолмен жұмысты жақсартуды соңғы падаланушы күш топтарын тұрақты түрде мониторингілеу, халықтың санына, географиялық орналасуына сонымен бірге демографиялық, әлеуметтік топтардың және әлеуметтік экономикалық сипатына байланысты. Жасы, этникалық тобы, мүгедектігі сияқты факторлар, отбасында, қоғамдағы әлеуметтік және мәдени айырмашылықтар олардың мүдделеріне әсер етеді. Әйел мен еркектің мемлекет қызметінен не күтетінін білдіреді.

### Приоритеттерді маңыздылығына қарай анықтау

Осы екі амалдың алғашқы қадамы-олардың приоритеттерін маңыздылығына қарай анықтау. Теңдіктің жолындағы тосқауылдарды жеңуді қамтамасыз ететін бағдарламаларды тандап алу қажеттілігі туындайды

.Бельгия үкіметі ГББ-ы заңнамаларының шеңберінде бюджеттік баптардың гендерлік теңдік тұрғысынан маңыздылығын анықтайтын классификацияны енгізді.

Мемлекеттің бюджет жөніндегі федералдық және әкімшілік бақылау қызметі бюджеттік циркуляр шығарып отырады, осы циркулярға сәйкес барлық бюджет алушылар бюджеттің баптарын

қабылданған жүйеге сәйкес классификациялық топтарға бөлуге міндетті. Бюджеттік циркуляр-жаңадан енгізіліп отырған күрделі мақсат, ол тақсаттарды орындаудың амал әдістері алдағы уақытта шешіледі.

Андолузияның үкіметі(Испания)» G+» деп аталатын жобаның әдістемесін кіргізген.

Бұл жобаның өзекті элементі-бюджеттік бағдарламалардың генерлік теңдікке жету жолындағы маңызды приоритеттердің жүйесі. Бағдарлама келесі төрт өлшемге(критерийге) сәйкес болуы тиіс :

- Қайта құруға көмектесу,
- Жан жақты кең ықпалдылығы
- Гендерлік теңсіздіктің деңгейін азайтуға көмектеседі
- Аймақтың әкімшілігімен байланыста болу.

Қандай жүйенің жұмыс атқарып жатқанына қарамай, оны эксперименттер үшін ашық пайдаланған дұрыс сынақ жұмыстарын оқыту процесі деп қабылдаған жөн. Гендерлік сараптаманы енгізу өте маңызды.

Бюджеттік іс-шараларды алғашқы електен өткізу нәтижесі бойынша гендерлік басымдылығы бар талдау жұмыстарын келесі жоспармен жүргізуге болады:

1. Мақсаттық топтағы әйел мен еркектің санын анықтау. Мақсаттық топ-арнайы дайындалған іс-шара бойынша жұмыс істейтіндердің саны.
2. Мүмкіндік болып деректер табылса адамдарды жасына қарай ,этникалық тобына байланысты және мекеніне байланысты топтарға бөлу.
3. Бенефициарлар тобындағы әйел мен еркектің санын анықтау.
4. Бірқатар сұрақтарға жауап беру. Мақсаттық топпен бенефициарлар арасында айырмашылық бар ма? Бенефициарлар мақсатты топтың қанша пайызын құрайды?
5. Бір бенефициарға жұмсалатын орташа шығынды есептеу. Әйел бенефициары мен еркек бенефициарына жұмсалатын орта шығын арасында қомақты айырмашылық бар ма? «Иә»дейтін болсаңыз айырмашылығы қаншалықты? Жыныстық алалаушылықты дәлелдейтін потенциалды айғақтар бар ма?

Жоғарыдағы көрсетілген 5 қадам қоғамдық игіліктерді талдаудың құрамына жатады.

ОЭСР-ң статистикалық терминдерінің глоссарийінде бұл терминнің анықамасын былай берген: Демографиялық топтарға(әйелдер мен еркектер) мемлекеттік шығындардың бөлінуін есептеу әдісі.

Бұл процедураның ішіне әрбір жеке адамға бөлінетін мемлекеттік субсидиялар кіреді, ( мысалы, білім саласындағы бір оқушыға жұмсалатын шығын), мемлекеттік қызметті пайдалануға тиісті жеке коэффициент қолданылады.

Тереңдетілген талдау жүргізу үшін бағдарламаның басқа іс-шараларына қатысты мақсаттық топтарды қамтитын салыстырмалы түрде талдау жүргізу қажет.

Бұл үшін келесі қадамдар жасау керек:

6. Сектордың шеңберінде осыған ұқсас сіз жауап беретін іс-шараларды анықтап, осы іс-шаралар бойынша әрбір бенефициарға жұмсалатын шығынды есептеу. Іс-шараларға жұмсалатын шығынның орташа көлемінде айырмашылық бар ма?
7. Осы іс-шараларға қатысатын мақсаттық топтың жыныстық құрамын зерттеу. Осы іс-шараларға қатысатын бенефициарлардың жыныстық құрамы қандай?
8. Іс-шараның бенефициарларының пікірін зерттей отырып, қызмет алушылардың (жәрдемақы, жеңілдіктер және т.б) көзқарасын білу, ( бенефициардың бағасын білу). Әйелдер мен еркектердің арасындағы айырмашылық олардың тұрмыстық өміріне ықпал етері анық

**Бенефициарлардың бағасы** - мемлекеттік қызметті тұтынушылардың қаншалықты дәрежеде қанағатталғандық дәрежесін білдіретін стандарттық әдіс. Бұл әдіс көптеген азық-түлік тұтынушыларының қанағаттану дәрежесін анықтау пайдаланады

Кең тараған зерттеулік құралдарға фокус топтармен және қоғамдық пікірлерді жинау жатады. Осылай жиналған ақпараттық материалы сапалы саналыа,оларды басқа да деректермен бірге пайдалануға болады.

Нақты деректерді толық жинап алу үшін респонденттер жайлы мәліметтерді нақты айтқанда жынысы,этникалық тобы,географиялық орны,жасы,мүгедектігі немесе еместігі, әлеуметтік мәселесі және т.б.

Қарастырылып жатқан іс-шараларға оралсақ,гендерлік сипаттағы талдайтын мақсаттар үшін көптеген ақпаратты жинауға келесі мүмкіндіктерді береді:

9. Мақсаттық топтың гендерлік құрамы мен бенефициардың арасында айырмашылық бар ма,оны қалай түсіндіруге болады? Әйелдер мен еркектердің ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігіне байланысты қиыншылықтар бар ма?( мысалы,балаларды күту, іс-шаралар жайлы ақпараттың жетіспеушілігі, гендерлік стереотиптер және т.б.

10. Әртүрлі кедергілер көп болса,оларды қалай азайтуға болады?Гендерлік кедергілерді азайтуға басқа мемлекеттік департаменттердің араласуы қажет пе?

11. Іс-шаралардың бенефициарларға ықпалын зерттеу.Бұл іс-шаралардан олар қаншалықты пайда тапты? Жиналған ақпарат негізінде бұл іс-шаралардың гендерлік теңсіздікке ықпалдық бағасын беру.Өзекті мәселе:Гендерлік теңсіздікке бұл іс-шара қалай әсер етеді?Гендерлік теңсіздікті азайтуға әсері бар ма немесе теңсіздікті арттырып жатыр ма.әлде оған ықпал етпей ме?

12. Егер іс-шара гендерлік теңсіздікті азайтуға әсер етпесе,ондай кезде оны қалай жетілдіруге болады?Іс-шараны өзгерту немесе іс-шараны басқаша ұйымдастыру,немесе шығындарды басқаша бөлу.

13. Талдау жұмысын құжаттау арқылы әкімдік құрылымдардағы іс-шараға жауапты адамдарды ақпараттандыру қажет.

Гендерлік тұрғыдан талдау жұмысын осы процедурасын бастапқы кезеңінде барлық сұрақтарға жауап табыла бермесі анық және қанағаттанарлық нәтиженің де бола бермеуі ықтимал. Ақпараттардың сандық мөлшері сапалық ауқымы жеткілікті болмайтындығын күткен дұрыс. Олқылықтарды анықтау қажет және бұл олқылықтарды қысқа және ұзақ мерзімді болашақта толтыруды қарастыру .

Сонымен бірге,гендер мәселесінің сарапшыларымен ақылдасып,Гендерлік статистика тарауындағы кейбір дерек көздеріне жүгіну қажет.

Мұндай талдау жұмыстары гендерлік сараптамаларды жүргізудің қажеттігін көрсетеді.Ол үшін үкіметтің тиісті департаменттің гендерлік теңдік жұмысымен айналысатын бөліміне жүгінуі керек.

Ақпаратпен алмасу және оқыту және ГББ-ң іс-шараларын үйлестіру мақсатында барлық министрліктерде жұмыс тобын құру пайдалы Бұл жұмыс тобын жоғарғы шенді шенеулік басқаруы қажет.

ГББ-ны ендіру жұмыс тәжірибесіне бірнеше өзгертулерді қажет етеді:

Ынтымақтастық,Сабақтастық,Үйлестірушілік және Потенциалды нығайту,

## **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

Дамудың ұлттық жоспарының (ДҰЖ) негізін қалайтын кез келген іс-шараны министрлік деңгейдегі жұмысы оның бөлімдерінің өз ара ынтымақтастығына негізделеді.ГББ -ң қызметіне де осы әдіс лайық

Министрік деңгейіндегі жауапты қызметкерлер әр түрлі бөлімшелерге гендерлік теңдік саласындағы потенциалдық мақсаттарға жету жолындағы іс-шараларды анықтауға сауалдар жолдауы тиіс .

Сонымен бірге ресми статистикалық ведомствалармен бірлесіп,гендерлік талдау жұмысын атқару үшін әр түрлі қажетті материалдарды дайындайды.

## **САБАҚТАСТЫҚ**

**Егерде гендерлік теңдікке қол жеткізуге** мақсатына қосымша материалдар қажет болса, ондай жағдайда осы саладағы процедуралар басқа саладағы іс-шараларға ұқсас болады.

Басқа сөзбен айтар болсақ, гендерлік теңдікке арналған іс-шаралар саласындағы бұл процедура әрбір министрлік талдау, кеңес бергені қолдағаны үшін оның бағасын төлейді. Бұл процестің ішіне гендерлік сараптаманы қосу қажет. Атап айтқанда осы саланың мына мамандарды кіргізген жөн:

Гендерлік дамудың департаменті немесе министрліктің құрылымы;

БҰҰ-ң офисы-Женщина; гендерлік теңдік саласындағы ғалымдарды тәуелсіз сарапшыларды кіргізеді.

### **Үйлестіру**

Бюджет жасауға жауап беретін қызметкерлердің жұмысына өзгерістер енгізуді ұйымдастыру үшін үйлестіру тобын құру қажет. Бұл топтың бірінші мақсаты - гендерлік теңдік саласындағы бюджетті дайындауға, барлық инфрақұрылымдардың, қызметкерлердің есеп беру механизмінің процестер жүйесіне өзгертулер енгізу және т.б.,

Келесі өзгертулер енгізілулері мүмкін, үйлестіру тобының жұмыс механизмін жетілдіру; қызметкерлерді гендерлік саланы оқыту; гендерлік мәліметтерді жетілдіру, жыныстық топтарға бөлінген деректерді шектемей қоса береді; гендерлік теңдіктікпен бюджеттің шеңберіндегі басқа мақсаттардың арасындағы өз ара байланысты орнату; атап айтқанда мақсаттың екі тобының арасында келіспеушіліктің жоқ екендігін қамтамасыз ету үшін керек; үкіметтің барлық деңгейінде гендерлік теңдіктің саласындағы мақсатқа жету процесі жолында білім жинау мен ГББ -ң жұмыс нәтижесі бойынша олардың арасындағы кері байланыс механизмін орнату;

### **Потенциалды нығайту**

Кәсіби емес дамыудың деңгейін анықтау қалыптасқан дәстүр бойынша жұмыс орындарының көпшілігінде мемлекеттік секторде де жеке секторде де сақталады. Мемлекеттік қызметкерлер тұрақты түрде өз жұмысында бұрын кездеспеген жаңа талаптарға кез болады, оларды жеңу үшін жаңа бейімділік қажет.

ГББ-ны жүзеге асыруды жаңа иновация деп қабылдап, яғни потенциалды кеңейту деп таныған дұрыс. Басшылар ГББ-ң қызметкерлерін жұмыстың тиімділігін арттыру контекстінде оқытып үйретуге қадамдар жасауы тиіс.

### **ӘЙЕЛДЕРДІҢ БЮДЖЕТТІК БАЯНДАМАСЫ**

Бұл амал бір ғана құралды пайдалануды - талдау баяндамасын ұсынады. Әйелдердің бюджеттік баяндамасы алғаш рет Австралияда ұсынылды. Бұл баяндама бюджеттік іс-шаралардың әсерін өлшейтін аналитикалық зерттеу серияларының жиынтығының соңғы өнімі.

Шынтуайтқа келгенде бұл бақылау құралы. Себебі, әр министрлік гендерлік теңдік жөнінде есеп беріп тұруға міндетті. Жинақталған есепті жариялап отыратын әйелдер ісі жөніндегі министрлік премьерь - министрдің кабинетінің құрамына кіреді.

Осындай жолмен бюджетпен бағдарлама мәселелері жоғары деңгейде шешуге және потенциалдық ықпал етуге жол ашылады.

Баяндаманы дайындау үшін үкіметтің департаменттерінің арасында тығыз ынтымақтастық байланыс қажет. Австралияның мемлекеттік шығындарын талдау баяндамасы үш түрлі топқа негізделген;

1. Анықталған гендерлік дисбаланстарды жөндейтін бағдарламаның шығындары;

- Әйел мен еркекке арнайы дайындалған денсаулық жөніндегі бағдарлама;
- Қыз балаларға арнаулы бастамалар, әйелдерді жұмысқа қамту жөнінде солдаттарды реинтеграциялау туралы, әйелдерге зорлық-зомбылық жасауға қарсы күрес туралы.



- Әйелдерге арналған микрокредиттеу бағдарламасы, әйелдерге арналған білім беру степендиясы;
- Мемлекеттік қызметкерлерге арналған тең мүмкіндікті шығындар;
- Үкіметтің барлық департаменттердің жалпы немесе негізгі шығындары

Әйелдердің бюджеттік баяндамасы қазіргі уақытта көптеген елдерде гендерлік бюджеттік баяндама деген атпен жарыққа шығып келеді, бұл баяндама төмендегі міндеттердің контекстінде маңызды рөл атқарады:

- Баяндама гендерлік дамуға бөлінген жалпы және сектор бойынша бөлінген ресурстардың деңгейін «ашып» көрсетеді;
- Приоритеттік салаларды айқындауға көмектеседі;
- Гендерлік теңсіздіктің проблемаларын шешуге қаржылардың жететіндігін немесе жетпейтіндігін бағалауға мүмкіндік береді;
- Олардың мақсаты мен индикаторлары жыл сайын қайта қаралады, осындай жолмен гендерлік теңдік саласындағы дамудың жақсартуы қамтамасыз етіледі;
- Талдаудың көмегімен мемлекеттік қызметкерлердің потенциалын, олардың гендер мәселесіндегі ақпараттар алып тұруын және гендерлік тұрғыдан талдау жасау қабілетін қамтамасыз етеді;
- Гендерлік факторларды есепке алатын болсақ, деректерді дайындаудың құралы болып саналады;
- Үкіметтің бюджеттік саясатының нақты мәселелерін талқылауға қатысатын әйелдердің ресурсына жатады.

### **Дайана Элсонның 7 құралы**

**Дайана Элсон - Ұлыбританияның профессоры. Гендерлік теңдік жайлы кітаптар мен мақалалар және экономикалық өмір жайлы жазған. Достастықтың Секретариатының ГББ-ң бастамаларының шығындарын анықтауға және ЮНИФЕМ глобалдық гендерлік аспектілер аясындағы бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысқан.**

(Достастықтың Секретариатының құралдары) Достастықтың Секретариаты Диана Элсонға жеті құралдан тұратын топтама жасап беруге өтініш айтты. Олардың кейбіреулері экономикалық және аналитикалық құралдарға негізделіп жасалған. Оның көпшілігі шығын баптарына жатады.

Олар алғаш рет 1999 жылы жарық көріп, осы күнге дейін өзекті құралдары болып табылады.

#### **1. Бенефициарларды жыныстық топтарға бөліп, мемлекеттік қызметтер мен бюджеттің приоритеттеріне баға беру**

Мұндай бағалау сандық және сапалық деректерге сүйеніп жасалады, бұл деректер қоғамда сауалнама жүргізу, фокус топтардың, және басқалардың пікірлерін жинау арқылы жүргізіледі, пікір жинау кезінде потенциалды және шынайы бенефициарлардан мемлекеттік саясатпен бағдарламалар олардың күтіп отырған үміттеріне сай келеді ма деп, сауалнама жүргізілді.

Адамдарды жыныстық топтарға бөлмей, зерттеу жүргізу құралын тұрғындардың мемлекеттік шығындарға деген көзқарасын білуге көмектеседі.

#### **2. Мемлекеттік шығындарды жыныстық топтарға бөлу жолымен талдау.**

Осы сандық құрал арқылы мемлекеттік шығындардың бағасы өлшенеді, мемлекет шығындары әйел мен еркектің арасында қалай бөлінеді, олар осы қызметті қалай пайдаланады. Әрбір жеке қызметтің бағасын есептейді, осы қызметті пайдаланатын әйел мен еркектің санын анықтайды, агрегацияланған деңгейде үй қожалықтарын зерттеуге болады. Дәлме дәл деректерді алу үшін бағдарламалық деңгейде осындай талдау жұмысын жасау керек.

Тұрғындардың мемлекеттік бағдарламалар мен қызметтерді пайдаланатын балансын анықтауға осы қарапайым әдіс қолданылады. Осындай талдаудың нәтижелері кеңейтілген мақсатты топтарды жыныстық топтарға бөліп атқарса түсінікті болады. Олар үшін осы саясат пен қызметтер жасалған.

### **3. Гендерлік амалдарға саяси баға беру.**

Бөлінген бюджеттік қаржылардың саяси бағасын білу үшін қолданылады, олардың әйел мен еркекке әсерін анықтау үшін керек. Бағалаудың бұл түрі бюджеттік саясаттың «гендерлік бейтарап» екендігіне күман келтіріп,ықпал ету тұрғысынан келесі сұрақтарды тудырады: Саясаткерлер және олар бекіткен ресурстар қалайша гендерлік теңсіздіктерді көбейтуге не ықпал етеді?

Бұл құрал бірнеше әсер ету компонентінен тұрады.Олар бірнеше деректер көзінен бастау алады. Сапалық және сандық деректер,мақсатты топтардың демографиялық құрамы,алынған деректерге сүйенеді.Баға берудің құрамына міндетті түрде саясат пен бөлінген қаржылардың ортақ бағасы да кіреді.

### **4. Гендерлік амалдарға негізделген бюджеттік баяндама**

Мемлекет шығындары жалпы алғанда және профильдік министрліктер бойынша гендерлік теңдікті дамытуға қалай көмектесуі тиісті екендігін айқындайды.

Бұл жұмыстың қатарына гендерлік категориялар бойынша жоспарлардың шығындарын топтарға бөліп көрсетеді.

Мемлекеттік шығындарды министрліктер қалыптасқан тәртіп бойынша топтарға бөледі,күнделікті және капиталды шығындарды функциялары бойынша бөліп таратады,сонымен бірге жеке жеке баптар бойынша бөледі,мысалы,персоналға құрал жабдықтарға бөлінген т,б шығындар.

Гендерлік категориялардың мысалдары: тек қана әйел мен еркектің гендерлік теңсіздігін азайтуға бағытталған шығындардың үлесі; гендерлік теңсіздікті азайту мақсатын көздеп,әлеуметтік көмекті өте қажет тұтатын топтарға бағытталған шығынның үлесі;бизнесті қолдауға бағытталған шығынның үлесі,ұлттық гендерлік механизмдерге және т,б салаларға бағытталған шығынның үлесі.

### **5. Жыныстық топтарды уақыт мерзіміне қарай бөлу арқылы бюджетті талдау.**

Бұл құрал-ұлттық бюджетпен төленбейтін еңбектің арасындағы байланысты анықтайтын әдістің бірі,бұл әдісті «экономикалық қамқор»деп атайды.

Бұл талдаудың мақсаты-төленбейтін еңбектің сандық мөлшерін анықтау,осы еңбекті бөліп таратып,бюджеттік саясатты дайындап жұртқа көрсетеді.Олар төленбейтін еңбектің экономикаға қосатын үлесін көрсетеді.Әйелдер төленбейтін еңбектің көпшілігін атқарады,сол себептен де еңбек нарығына тарту уақыт жағынан шектелген.

### **6. Экономикалық саясаттың орта мерзімді кезеңге арналған концепсиясын гендерлік тұрғыдан талдау.**

Бүгінгі таңда макроэкономикалық саясаттың концепсиясы экономикалық моделдердің маштабын қолданады, бірақ олардың еш қайсысы гендерлік амалды есепке алмайды.Гендерлік амалдарды интеграциялау үшін көрсеткіштерді топтарға бөліп,осылай жасауға мүмкіндік болған кезде немесе гендерлік бағыттарды жасап интеграциялауға болады.

### **7. Мемлекеттік шығынды бөліп таратуды жыныстық топтарға бөлу жолымен талдау жүргізу**

Бұл талдау процес салық төлемдерінің тікелей және қосалқы түрлерін қамтиды,бұл салық төлемдерін үй қожалығында жұмыс істейтін әр түрлі категориядағы тұлғалар төлейді.

Әлемдік банкінің мемлекеттік қаржы мәселесін басқаратын басшылығында үш аспектіге мән беріледі. Оларға ұлттық бюджетті жасақтау кезінде назар аударуы тиіс.Олар бюджеттің келесі көрсеткіштеріне:

- Макроэкономикалық көрсеткіштер;
- Ресустарды бөліп тарату;
- Қызмет көрсету барысындағы ресурстарды пайдаланудың тиімділігі мен нәтижелілігі.

Элсонның айтуынша Достастықтың Секретариатының құралдар топтамасы шешім қабылдаудың келесі үш деңгейінде гендерлік аспектіні интеграциялауға қолданылуы мүмкін деп санайды. Әсіресе,ресурстарды бөліп тарату шешімдерін қабылдаған кезде тиісті қызметтерді тиімді және нәтижені көрсету үшін қажат.

## Дебби Бадлендердің 5 қадамы

Дебби Бадлендер-тәуелсіз зерттеуші консультант,үкіметтік емес ұйымдарда кеңесшілік қызмет істеген.30 дан асқан елдердің үкіметтерімен парламенттерінде донорлық қызмет атқарған, негізінен алғанда бюджеттік статистика,гендер,балалар мен кедейшілік саласында еңбек еткен

Бұл әдіс амалдары азаматтық қоғамның азаматтары мен қызметкерлері және ұйымдары пайдалана алады.

**Бірінші қадам.** Әйел мен еркектің ситуациялық жағдайын сипаттау,барлық сектордағы ер және қыз балалар: денсаулық ,білім саласында еңбек нарығында және т,б.

**Екінші қадам.** Гендерлік тұрғыдан алғандағы бүгінгі саясаттың бағдарламалардың және жобалардың бағасы.Олар бірінші қадамда сипатталған ситуациялық жағдайды шешуге арналған ба?.

**Үшінші қадам.** Қаржылық (бюджеттік) және басқа ресурстардың адекваттығына баға беру,атап айтқанда персоналға,саясатқа бағдарламалар мен жобаларға бөлінген ресурстарға сай келе ме?

**Төртінші қадам.** Үшінші қадамда жоспарланған қаржы жоспарға сәйкес жұмсалып жатқандығын мониторингілеу.

**Бесінші қадам.** Жолшыбай кездескен шығындар саясаты гендерлік теңдікті қаншалықты қамтамасыз етті,бірінші қадамда сипатталған ситуациялық жағдайға сай келді ме?

## 4R МЕТДОЛОГИЯСЫ

4R мтодологиясының алдына 3R,методологиясы қолданылатын бұл әдісті 1990 жылдардың аяғында Шведттің жергілікті органдарының Ассоциациясы ойлап тапқан еді.Төрттегі «R» әдісі 3 «R» әдісінің аналитикалық процесінің келесі сатысына жоспарлаудың стратегиялық элементтерін қосады.

«R» Өкілеттік гендерлік өкілетті орынға шолу.Бұл есептеу жаттығуы мысалы, Сіз өз қызметіңізде ауылдық жердегі білімді еңбек нарығын жақсартатын сияқты бағдарламаларды қарастырғыңыз келсе және т,б.Бұл жұмысты келесі сұрақтарға жауап табаудан бастаңыз:Әйелдермен(қыздар) еркектердің (ұлдар) саны қанша?

Процестің өзіне ғана емес,оның мазмұнына да үңіл.Шешім қабылдау процесінде әйелдер мен еркектердің өкілеттіліктерін және осы қызметтен пайда көретіндерді айқындау кең көріністі түрде суреттеп береді.

Осы кезеңде қойылуға тиіс сұрақтар:

- Гендерлік моделдің қандай тәртіптерін көреміз?
- Кімдердің талаптары қанағаттандырылады?
- Стереотиптер гендерлік теңдікке әсер ете ме?
- Әйел мен еркектің мүддесі,қабілеті,тілектері тең жағдайда бағаланады ма?
- Тұтынушының (клиент)зерттеу секторындағы жыныстық айырмасына қарап жүргізіле ме?
- Әйелдер мен еркектер жеке тұлға және топтардың өкілдері ретінде әр түрлі талаптар мен жағдаяттарға гендер жайлы стереотиптік көзқарастарға ұшырайды ма? Гендерлік контракт қалай жасақталады?

Біздің түсінігіміз бойынша гендерлік контракт дегеніміз-басымдылығы бар нормалар мен құндылықтардың әсерімен кейбір міндеттер «әйелдерге»және «еркектерге»жеке жеке арналып бөлінеді.

**R4 Жүзеге асыру («Realisation»)** – R4 әдісінің жаңа мақсаттары мен шаралардың сұрақтарына жауап береді:гендерлік теңдікке жету жолында іс-шаралардың формасы(саясаты) қандай болуы керек?

Әйелдер мен еркектердің талаптарын қандай шаралар қанағаттандыра алады?Осы кезеңде R1-R3

талдауынан қорытынды жасап,гендерлік теңдік жолындағы міндеттерді орындау үшін гендерлік саясат өзгеруге тиіс пе?

Басқа әдістемелер сияқты зерттеліп отырған секторда гендерлік теңсіздік және гендерлік теңдік осы секторда қалай болуы керек?

Бұл мәселеде әйел мен еркектің көзқарасы мен пікірін есепке алудың маңызы ерекше.

Жаңа мақсатпен шараларды көздеген кезде гендерлік теңсіздікті,күн сайынғы міндеттерді гендерлік теңсіздіктің қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттарын сипаттау керек.Сосын осы мақсаттарға жеткізетін шараларды анықтау керек.Белгілі бір мерзімде осы мақсатты айқындайтын міндеттер мен көрсеткіштерді бекіту.

Мақсатқа жету жолындағы атқарылған іс-шараларды тексеру үшін мониторинг жүйесін қалыптастыру керек,мақсатты көрсеткіштердің орындалуының есеп-қисабы,гендерлік теңдікті қамтамасыз ететін жаңа шараларды жоспарлайсыз ба?

## **ГЕНДЕРЛІК СТАТИСТИКА**

Гендерлік бағыттағы бюджеттендіруді жүргізудің негізгі шарты,оның ішінде гендерлік статистиканың болуы.

### **1. Гендерлік статистика дегеніміз не.**

Гендерлік статистика-әйел мен еркектер деректерінің төмендегі салалардағы жиынтығы: тұрғындар,денсаулық,білім,отбасы,және коммуникация,еңбек нарығы,адам құқығы және саясат.

Ол негізгі құрал есебінде әйел мен еркектің ерешеліктерін спецификалық ,әлеуметтік-демографиялық топтардың ерекшеліктерін әлеуметтік-демографиялық оңтайлы саясат жүргізуге, әйел мен еркектің тең құқымен тең мүмкіндіктерін принципті түрде жүзеге асыруға көмектеседі.

Гендерлік статистика дәстүрлі статистиканың құрамдық бөлігі болып саналады; әйел мен еркектің өмірін көрсететін статистикалық деректерді тарататын,және өндіретін идентификациялау қызметін атқарады;елдің тұрғынарына ықпал ететін барлық саяси істер кезінде есепке алынады,атап айтқанда гендерлік бюджеттендіру мәселесінде.

Әйелдер мен еркектер қоғамда бұрынғыша әртүрі рол атқарып келеді,ел байлығына және оны бақылауға құқығы тең емес.Әйел мен еркектің мүдделерімен еңбекке бейімделіктері әр түрлі.

Бұл өзгешеліктер ресми статистикада толық жарық көруі тиіс.Гендерлік бағыттағы жұмыс тек қана әйелдерге ғана емес,еркектерге де жарығын түсіреді. Еркектердің жағдайын зерттеу-әйелдердің жағдайын білу үшін өте маңызды.Тұрғындарды ерлер және әйелдер қатарына бөлген соң оларды әртүрлі әлеуметтік категорияларға жіктейді.

Барлық әлеуметтік категориялардың өз ара бір біріне әсер ету сипатын есепке алған жөн. Мысалы, жынысы,жасы,этникалық тобы,білімдік және кәсіби тобы,кедейлер тобы,мигранттармен мүмкіндігі шектеулі адамдар.

Бюджеттендіру үшін ақпараттың жыныстық топтарға,жасына қарай бөлініп берілуі өте ыңғайлы,білімдік топтарына және т,б,әйелдер мен еркектің әртүрлі әлеуметтік топтарын бағалауға мүмкіндік береді,алалаудың тереңдігін өлшейді.Мысалы,мигрант әйелдер екі есе алаланып,екі есе тосқауылға ұшырауы мүмкін-жыныстық тұрғыдан да,мигрант топ тұрғысынан да алаланады.

Ресурстарды гендерлік тұрғыдан таратудың статистикалық көріністері ресурстардың көлемін және оның сапалық құрамын ашып көрсетуі керек.Өз кәсібі бар адамдардың ішіндегі әйелдердің үлесін алсақ,өз кәсібі барлардың қызмет түрлері жайлы ақпарат керек(„сырттан тауар алып келу-шелер,репетитор, жеке детектитер,жүргізушілер,)

Денсаулық саласындағы қызмет көрсету деңгейін жыныстық топтардың сұранысына сәйкес етіп көрсеткен маңызды.

Гендерлік мемлекеттік статистиканың комплексті жүйесі әйелдің жағдайын еркектің жағдайымен салыстырып көрсететін өмір тіршілігінің барлық саласында-отбасында(үй шаруашылығында) еңбекпен қамту саласында білім,денсаулық жүйесінде, коммуникацияда,саясат пен адам құқы саласында қамтамасыз етеді.

Гендерлік статистика-көрсеткіштерді неше түрлі статистикалық жыныстық топтарға бөлу ғана емес, статистиканың гендерлік теңсіздікті жылдам анықтайтын бір жүйесін жасап, мониторингі жүргізеді, еңбекті гендермен бөлу және гендерлік стереотиптердің ықпалын сонымен бірге жыныстық дескриминацияны анықтайды.

Әйел мен еркектің өмір тіршілігіндегі барлық ақпараттардан басқа, гендерлік статистика әйел мен еркектің жағдайындағы өзгерістерді бақылап отыру керек, гендерлік топтардағы институттық өзгерістерден болатын тиімділікті бақылау, халықаралық салыстыру жүргізу, жаңа көрсеткіштер мен бағыттарды жасап дайындау. Осылай елде гендерлік дамудың статистикасына жол ашылады.

## **2. Гендерлік статистиканы жүргізудің ақпараттық көздері**

Гендерлік статистиканы жүргізудің ақпараттық көздері бір тұтас жүйе: халық санағы, ішінара зерттеу, әкімшілік деректер. Әкімшілік деректер бірнеше тізіммен берілуі мүмкін (сайлаушылар, әскери есептегілер), ағымдығы регистрлік есепке алынғандар.

Қалыпты регистрлеу көптеген елдерде жүргізіледі, бұл процестің техникалық ұйымдастыру қиындықтарына қарамастан және жеке адам жайлы демографиялық ақпараттар болғанына қарамастан оның әлеуметтік және кәсіби мәртебесі айқындалады.

Тұрғындардың күнделікті есебін жүргізу бойынша олардың табиғи көшіп-қонумен миграциялық деректерін қозғалыстарын есепке алып отырады (туу, өлу, некеге тұру, ажырасу)

Ішінара зерттеу арқылы тұрғындар мен мекемелердің (үй шаруашындағы әйелдердің) кейбір аспектілерінің өмір тіршілігі тереңдетіліп зерттеледі. Гендерлік статистика үшін уақыт бюджетін зертеу ерекше маңызды.

Адамдардың бір күн ішінде уақытын қандай жұмыстармен өтisetіндігі жайлы ақпарат жиналады.

Статистика адамдардың қызметтік іс әрекеттерін қамтиды, әр жұмысқа жұмсаған уақыт мөлшерін, әр жұмысқа жеке жеке шығындаған уақыты, атқарылған жұмыстың шарттық жағдайына қарай сипат алады.

Әйелдер мен еркектердің проблемалары жайлы ақпарат алудың тиімді жолы - әр түрлі көздерден комбинациялық немесе байланыстырылған жолмен немесе бір көзден алынған лонгитюдтік деректер (ішінара зерттеудің әртүрлі санақтың раундтың біріктірілген деректері)

Гендерлік теңдіктің сапалық сипаттамаларын өлшеудің әдістері

Гендерлік теңдіктің сапалық сипаттамаларын кей жағдайларда өлшеу қиын болады. Мысалы, әйелдердің құқын қорғауға баға беру, әйелдердің экономикалық байлықтарға қол жеткізу теңдігі, білімге, денсаулыққа жету мүмкіндігі қиын.

Бүгінгі таңда бұл жұмысқа сандық және сапалық сонымен бірге сандық параметрлері арқылы бағалаудың бірнеше тәсілдері меңгерілген:

### **1. Қосалқы көрсеткіштерді пайдалану жолымен.**

Мысалы, әйел мен еркектің алған білім сапасы мынандай қосалқы көрсеткіштермен өлшенеді, оқу орындарының негізгі персоналының саны; осы заманауи оқыту құралдарымен қамтамасыздығы; емтиханды үздік тапсырғандардың үлесі; білім алудың ақшалай құны; білім беретін мекемелердің типі;

### **2. Әртүрлі қосымшалар енгізу.**

Әйелдердің немесе балалардың құқын қорғайтын қызмет орнын тағайындау жөнінде ақпаратқа оның қоғамдағы ролін көрсететін осы қызмет жайлы қосымша деректер (мысалы атқаратын істердің саны, өкілетті кісіге қаралуға түскен істердің саны)

### **3. Респонденттердің жауаптарын шкалаға түсіру.**

Мысалы, аналардың өлімін зерттеу кезінде респонденттерге босанау алдындағы күтімнің сапасы жайлы қатысты сұрақтар қойылуы мүмкін. 1 («қанағатанғысыз») ден 10 («талап сатысы бойынша») ға дейінгі шкала бойынша бағаланады.

4. Талдау жасау арқылы бірнеше елдердің шынайылығы мен жалғындығын тұжырымдалып бекітіледі.

Егер белгілі бір конвенция сырт елден немесе аймақтан ратификациланған бойынша мұндай ақпарат сандық деп саналады. Себебі- бұл ұсыныстың негізінде номинальды сапалық көрсеткіштерге ранжирлеуге байланысты;

5. Белгілі бір деректерді олардың маңызына сәйкес ранжирлеу,ражирлеуді түсіндіру.

Мынаны еске сақтаған жөн.

Бағдарламаларды, санақты, зерттеулерді, күнделікті есеп-қисапты, сонымен бірге алынған нәтижелерді талдау кезінде, әлеуметтік зерттеулердің сапалық әдістерін пайдалану керек. (фокус топ, сұхбат және т.б.)

Сапалы жүргізілген зерттеулер тығылып қалған гендерлік проблемаларды тауып алуға көмектеседі, тауып алуға және гендерлік мифтер мен стереотиптерді бетін ашуға көмектеседі.

Сандық әдістер жолымен алуға мүмкін болмайтын ақпараттың орнын толтырады. Ақпарат жинаудың сандық ақпараттық әдістерін біріктіру, күнделікті жағдайды талдау мәселесі әйел мен еркектің жағдайын зерттеудің үміт күттіретін және болашағына сенім арттыратын әдістің бір жолы.

### **Гендерлік статистиканың пайдасы**

Генерлік сатистикадан болатын пайда тек әйелдер мен еркектерге ғана емес сонымен бірге мемлекет пен қоғамға пайдасы бар, себебі, басқару үшін көп нәрсені білу қажет.

Гендерлік сатистика

- Елдегі статистика жүйесін жақсартады, көрсеткіштерді детальдайды, көрсеткіштерді әлеуметтік-демографиялық топтарға жіктеп береді, көрсеткіштердің орташа мағыналы релеванттығын көрсетеді. («ауруханадағы орташа температурасы»)
- Қоғамның, ғалымдардың, жұмыс берушілердің, саясаткерлердің, ҰЕҰ-ң әйелдер мен еркектер жайлы ақпаратпен қамтамасыз етілуін жақсартады.
- Мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігін артырады,
- ақпараттық қорды жасайды, барлық деңгейдегі гендерлік бағыттағы бюджеттендірудің тиімділігін арттырады
- ҰЕҰ және донорлардың әлеуметтік корпоративттік саяси қызметінің тиімділігін жақсартады.
- Елдің өркендеуінде кездесетін мемлекеттік әлеуметтік, демографиялық, экономикалық даму жолындағы гендерлік факторларды есепке алуға мүмкіндік береді.

Гендерлік сатистика гендерлік бағыттағы бюджеттендіруге ақпараттық базаны дайындап береді, гендерлік бюджеттендіру процесінің тиімділігін артырады.

Мысал келтірейік, гендерлік статистикасының миграциясының жақсы жолға қойылға жұмысы қандай сұрақтарға жауап бере алады.

Миграцияның легі өсіп жатқан жағдайда феминизация үдерісі ұлғайып, феминизация процесі кезінде «милы адамдардың сыртқа қашуы» сонымен бірге әйелдердің заңсыз миграциялануы миграцияның легальдық емес, секторларын қабылдайтын миграцияның генделік статистикасы болып саналады, әлеуметтік-демографиялық мигранттардың легі мен контингентінің құрамына байланысты оңай сұрақтармен қатар онан да басқа көптеген күрделі сұрақтарға жауап бере алады.

Әйелдер мен еркектер еңбек білім алу миграциясына қаншалықты деңгейде әсер ете алады? Легельдық емес миграцияның өсуіне әсер ете ме? Экономикалық секторларының дамуына әсер ете ме? Келген елдің халқының өсу мен өлу динамикасына әсері бола ма? Эмигранттық қауымдастықтардың сол елге бейімделуі мен сіңісіп кетуіне әсері қандай? Әйелдердің миграция саясатындағы немесе ақылды адамдармен жұмыс қолдарының өз еліне қайтып оралуына жетекші рол атқара ала ма?

Мигрант болған әйелдер мен еркектердің бірінші және кейінгі толқындары қалайша сол елге сіңеді және бейімделеді? Әйел мигрант пен еркек мигранттың әр қайсысының жеке жеке спецификалық проблемалары бола ма? 43 спецификалық бағдарламалар мен қолдаулардың қажеттілігі қанша?

Біз байқап отырмыз, бұл сұрақтар демографиялық, экономикалық жағдайларды талдау барысынан әлеуметтік саясатты жүргізуден шығып отыр.

Гендерлік статистиканың тұтынушылар қатарына ғалымдар, саясаткерлер, шенуліктер, ҰЕҰ өкілдері, жұмыс берушілер, және қоғамның өзі түгел кіреді.

### **Гендерлік бюджеттендіруге бағытталған гендерлік статистика**

Гендерлік бюджеттендіруге бағытталған бюджетті орындау үшін:

а) бюджеттік статистиканы

б) Экономикалық және әлеуметтік гендерлік бағыттағы статистиканы

### **Бюджеттік статистика**

Гендерлік талдауға арналған дәстүрлі ақпараттан басқа, бюджеттің орындалуы, бюджеттің шығындық баптары әлеуметтік топтарға бөлініп, жасалуы қажет.

Мысалы біз білуіміз керек, қанша әйел мен еркек мемлекеттік сектордың тұрғындық жеңілдік қызметін пайдаланады, табыс салығын төлеу кезіндегі жеңілдіктері.

Гендерлік жауапкершілігі бар бюджетті жасаудың жағымды салдары әйелдер мен еркектердің қызметінде, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында байқалған: мемлекеттік шығындардың тиімділігі артуы; бюджетті қызметті мониторингілеу және бақылау; жемқорлық масштабының азайуы; есеп берудің жариялылығы мен мөлдірлігі; азаматтық өоғам мен демократияның кең етек алуы, халықаралық міндеттемелерді орындау, гендерлік бюджеттік статистиканың жақсы дамыған жүйесі гендерлік жауапкершілігі бар бюджеттендірудің адамдардың экономикасы үшін қолданудың нәтижелілігімен тиімділігін көрсетуі керек.

### **Экономикалық және әлеуметтік бағытталған статистика**

Гендерлік процесте гендерлік теңдіктің өз көрсеткіштері де индикатор бола алады, сонымен бірге тұрғындарды әлеуметтік тұрғыдан қорғайтын көрсеткіштер де индикатор бола алады, (табысты дифференциациялау, балалар мен мектеп жасына дейінгі мекемелермен қамтамасыздау, медициналық қамсыздандыру, салық схемалары, зейнетақы жүйесі) гендерлік бағытталған іс-шаралардың тиімділігін және бар екендігін сипаттайтын индикаторлар (бюджет саласында жалақыны көбейту, отбасылық және балаларға төленетін жәрдемақыны көбейту,) және бағдарламалар (қол жетімді тұрғын үйдің ұлттық жобасы, білім ауылдық жердегі денсаулық саласын дамыту, ішімдікке қарсы бағдарлама, демографиялық және отбасылық саясат

### **Гендерлік теңдік жөніндегі ақпаратқа қалайша қол жеткізуге болады?**

- Тәуелсіз академиялық институттарға, университеттерге, ҰЕҰ-ға аналитикалық жұмыстар жасауға тапсырыс берген жөн.
- Профильдік министрліктердің бюрократиялық құрылымдарының өздерінің аналитикалық бөлімдері болуы мүмкін, олар гендерлік ситуацияларға талдау жүргізулері керек, тиісті департаменттерден кеңестер алып тұруға болады.
- Статистикалық органдарға сұраулар беріп, жауап алуға болады. Гендерлік бюджетті дайындаушылар гендерлік статистиканы өз қалауынша пайдаланатын жағдайлар жиі кездеседі.

Гендерлік статистика жөніндегі дайын ақпаратты қайдан алуға болады (көрсеткіштер, біріктірілген таблицалар, индекстер) Халықаралық ұйымдардың көпшілігі, әлеуметтік проблемалармен аймақтық ұйымдардың бір сыпырасы немесе статистикалық деректерді жинайтын және таратушылар, сонымен бірге статистикалық ұлттық комитеттер гендерлік статистиканы қағаз бетінде немесе электрондық түрде таратады - электронды сұрауларға дайын таблицалар мен көрсеткіштерді жібереді.

Гендерлік бюджетті дайындау кезінде бюджеттің әлеуметтік шығындарын бөлек көрстуі керек (әйел мен еркектің проблемаларын еске ала отырып; әйелдермен көп қамтылған білім және денсаулық саласындағы еңбек ақысы, кедейлерге әлеуметтік көмек, балаларға төлемдер, тіркелген жұмыссыздарға арналған әйелдер басым тұратын локальдық бағдарламалар,

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЮДЖЕТ ЦИКЛЫ**

Бюджетті дайындауға тыңғылықты қатысу үшін және гендерлік бастамаларды сәттілікпен дамыту үшін бюджетті жасақтаудың кезеңдері жайлы мәліметтерді білген жөн.

### **1. Бюджет деңгейінің түрлері**

Республикалық, облыстық, аудандық, ауылдық ТӨТЕНШЕ

### **1. БЮДЖЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

#### **2. ТАБЫСТАР**

а). САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІ

б). САЛЫҚТАН ТЫС ТҮСІМДЕР

в). НЕГІЗГІ АКТИВТЕРДІ САТУДАН ТҮСКЕН ТҮСІМДЕР

г). ТРАНСФЕРТ АРҚЫЛЫ ТҮСІМДЕР

### **1. БЮДЖЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ. ШЫҒЫНДАР**

а) Жұмсалған қаржылар

б) Бюджеттік несиелер

в) Қаржылық активтерді ие болу

г) Заемдарды жабу.

### **БЮДЖЕТ ПРОЦЕСІ**

а) ЖОСПАРЛАУ

б) ЕСЕП БЕРУ

в) ҚАРАУ МЕН БЕКІТУ

г) ОРЫНДАУ

### **ЖОСПАРЛАУ**

**1.15 мамыр-15-қырықкүйек (аралығы) а) Облыстық жобаны жасау, оны қарауға ұсыну. УЭБП) Бюджеттің жобасын қарап тексеріп шығу (ОБК)**

**2.15 қырықкүйек-1 қазан (аралығы) в) бюджетті жергілікті әкімдік басшылық арқылы бюджеттің жобасына келісімін алу**

**3.1 қазан-15 қазан (аралығы) г) Бюджеттің жобасын қарап шығу (облыстық әкімшіліні)**

### **1. ҚАРАП ШЫҒУ ЖӘНЕ БЕКІТУ**

а) ҮКІМЕТ 1.09

б) ПАРЛАМЕНТ 1.12



в)ПРЕЗИДЕНТ

а)ОБЛ АКИМАТ 15.10

в)ОБЛ МАСЛИХАТ

г)АУДАНДЫҚ ӘКИМАТ 1.11

д)АУДАНДЫҚ МАСЛИХАТ

Қ.Р бюджет кодексінің 61-бабы:

1.Әлеуметтік-экономикалық дамуға болжам жасау Қазақстан Республикасының ,облыстың , республикалық маңызы бар қаланың,маңызды құжаты, бұл құжат республиканың әлеуметтік экономикалық дамуын астананың мемлекеттің бес жылдық саясатын,елдің бджеттік параметрлері арқылы жоспарлы кезеңдегі стратегиялық мақсаттарын анықтайды.

Әлеуметтің экономикалық даму жоспары(ӘЭДЖ) даму жоспарын дайындаған басшылық оны 20-ы сәуірге дейін ұсынады.

ӘЭДЖ БАҚ беттерінде жариялануы тис.

#### **Қ.Р БЮДЖЕТ КОДЕКСІНІҢ 61-БАБЫ:**

**1-1.** Әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамдары бес жылдық мерзімге жылжып созылатын әдіспен, жыл сайынға ҚР президентінің ел жағдайына сүйеніп,Қазақстан халқына жолдаған жолдауына және стратегиялық бағдарламалық құжаттарға , сыртқы және ішкі саясаттың бағыттарына негізделіп,келесі мәселелерді қамтиды:

-(қамтиды)...шығындарға арналған жаңа бастамалар,облыстың республикалық маңыздағы қаланың астананың әлеуметтік-экономикалық даму приоритеттеріне бағытталған;

- ӘЭДЖ облыстық әкімдігінің сайтында жарияланады:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl/documents/details/55229?lang=ru>

#### **Бюджет жасаушы администраторлардың өтініштерді жинауы**

ҚР Қаржы министрлігінің 31 қазан 2014 жылғы №470 «Жергілікті бюджеттерді бекітудің жобасы туралы»

#### **2. Тарау**

5.Облыстық. республикалық маңызы бар қаланың жергілікті бюджеттік бағдарламалардың администраторлары шығындарды жоспарлау үшін ұсынады: ағымдығы қаржылық жылдың 15 мамырына дейін бюджеттік бағдарламалар жобасы жайлы бюджеттік өтінішті толық көлемде ұсынады.

6.Облыстың республикалық маңызы бар қаланың астананың шығындары базылық және жаңа бастамаларға арналған шығындар деп екіге бөлінеді.

#### **Бюджет комиссиясы:**

Өтініштерді 1- қаңтардан 1- қыркүйекке дейін қабылдап қарайды.

Республикалық бюджетті қарап анықтау жұмысы ағымдағы қаржылық жылдың 1 тамызында аяқталады.

Онан кейін бюджеттің жобасы Парламенттің қарауына жіберіледі.

1-желтоқсанға дейін республикалық бюджеттің жобасы президентке қол қоюға жіберіледі.

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР ҮШІН ГЕНДЕРЛІК БЮДЖЕТТЕРДІҢ ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСҚАН ГЕНДЕРЛІК БАСТАМАЛАР

### «АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ МЕКЕНДЕРІНДЕГІ ТАЗА АУЫЗ СУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ»

БҮЛ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАН ЖАНАТ ТӨЛЕМІСОВА ЖШС ТАМШЫБҰЛАҚ

ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТПЕН ОНЫҢ ИДЕЯСЫ-АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ҚАПАЛ АУЫЛЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕРІ МЕН БАРЛЫҚ ТҮРҒЫНДАРЫН ТАЗА АУЫЗ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ,СЕБЕБІ АУЫЗ СУҒА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҚАУІПСІЗ ӘРІ ТАЗА СУ КӨЗІНІҢ ЖАРАМДЫ БОЛУЫ КЕЗ КЕЛГЕН ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ КӨРКЕЙУІ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Жобаны жүзеге асыру барысында мақсатқа жету үшін морторинг жүргізілген еді, онда Ақсу ауданы Қапал ауылының тұрғындарының ауыз суға қалай қол жететіндігі бақылауға алынды, ауыз судың сапасы мемлекеттік бюджеттендіру жағынан қалайша бақылауда болғандығы тексерілді, хаттар жолдау-электондық порталдар арқылы мемлекеттік орындарға сұраулар жолдау egov.kz»Ашық үкімет»

Қазіргі уақытта жергілікті қауымдастықтар мен мемлекеттік органдарымен күш біріктіріп Қапал ауылының әйелдері мен тұрғындарының ауыз су мәселесі шешілді: артизандық скважина арқылы жер астынан су көтеретін насостарды жөндеуге қаражат бөлінді, қазір бұл құбырдан таза, мөлдір су ағып тұр!

Сонымен бірге Ақсу аудандық маслихатты бюджетке арнайы мәселе ұсынып, онда үнемделген бюджеттің қаржысы есебінен 2 қысым көтергіш құрал үшін қосымша 2 млн тенге қаржы бөлізді (*жобаны жүзеге асыру барысында кездескен проблемаларды шешу*)

Бұл жобаның табысы болып орындалуы Қапал ауылының денсаулығының жақсаруына, тұрмыс-тіршілігінің артуына жақсы әсер етті. Таза ауыз судың әр бір үйге жеткізілуі, басқа пайдалы тіршіліктермен айналысуына көп мүмкіндік туғызады, бұл әйелдер мен балалар үшін маңызды. Осы кезге дейін олардың көп уақыты су тасумен өтетін, ол кезде су құбырлары үйге кіргізілмеген болатын.

### Перинатальдық қазаны бастан кешірген аиа - аналарға психологиялық көмекпен қамтамасыз ету

Бұл бастаманы жүзеге асырушы Толқын Саметова

Алматы қаласы

Жобаның мақсатына жету үшін бұл тақырыптың мүдделі жақтарымен ондаған кездесулер өткізілді, перинатальды тағдырды бастан кешкен әйелдердің ондаған істерін ақтарып қарап шығуға тура келді. Әйел консультацияларынан және перзентханалардан қызмет алған әйелдердің арасында сауалнама жүргізу бұл салада батыл қимылдар жасау қажеттігін дәлелдеді

Сонымен бірге халықаралық тәжірейбені зерттеу, жақтардың көп қырлы өз ара байланысы телеграмм чад жасау арқылы оларға психологиялық көмек берілетін болды, бұл көмектің мемлекеттік тілде берілуі нұр үстіне нұр болып, бастаманың адресттік кеңістігінің қанат жаюуына көмектеседі.

Бұл проблеманы «Медеу ауданының бақытты отбасы әлеуметтік орталығының « жұмыс тәжірибесін зерттеу медициналық ұйымдар мен психологиялық қауымдастықтар арасындағы қарым қатынастың алгоритмін табуға көмек берді.

Сарапшылар тарапынан болған қолдау мен мойындау Алматы қаласының қоғамдық даму басқармасына және Медеу ауданының аймақтық өкілдеріне әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыратын бас операторларға ұсыныспен шығуға мүмкіндік беріп отыр

Әкімат пен Басқарманың қолдауына үйеніп, ос проблематиканы 2022 жылға дейінгі мемлекеттік тапсырыстар тізіміне енгіздіріп алған соң, перинатальды тағдырға ұшыраған ата-аналармен

жұмысымызды тиімді әдістерді қолданып жалғастыра береміз.

Стандарттар мен процедураларды дайындау процесіне, мақсаттық аудиторияларға бірінші көмек көрсететін медициналық мекемелерді қатыстыру, қайғылы жағдайды ұмыттыруға көмектесетін брошюра мен «календарларлар» шығару,менталитеттерді еске ала отырып ата-ананың басына түскен қиын жағдайдан өтуге жәрдемдесед.

## **Хорезм облысындағы толық карантин кезіндегі кедей отбасындағы әйелдер мен балаларға көрсеткен бюджеттік бастамаларға шолу**

### **Матчанова Райхон - Әйелдерге көмек беретін «Нажот» бастамашыл тобы**

#### **Хиуа қаласы**

Келесі тақырыптағы тренингке қатысудың арқасында дайындалды:»Асыраушысынан айырылған әйелдерге көмекке қаражат жинайтын бюджет процесіне қатысу»

Жоба шеңберінде-жергілікті қауымдастықтарға арналған гендерлік бюджет-белсенді қатысушыларымыздың бірі- Матчанова Райхон Хиуа әйелдеріне пандемия уақытында көмек көрсетуді ұйымдастыру кезінде жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Хорезмде әу бастан тренингті ұйымдастырушылар белсенді және сауатты әйелдерді өз қатарына кіргізуіп,осы бір игілікті жұмыс арқылы қоғамды біріктіретін жәрдем күтіп отырған жандарға әйелдер қауымдастығы көмектесуді басты мақсат тұтты.

Пандемия кезінде бір біріне жалғасқан карантиндер және ер кісілердің тұрақты жұмыс орны болмағандығы себебінен олардың әйелдері асыраусысыз,табыссыз қиын тұрмыстық жағдайға тап болды.

Зерттеу қорытындысы көрсетеді,Өзбекстандағы әйел мен еркектің арасындағы қалыптасқан теңсіздік әйелдердің өмір жолында кездесетін қиыншылықтарға төтеп беру күшінің әлсіздігін атап айтқанда экономикалық дағдарыстармен КОВИД-19 сияқты төтенше оқиғаларға дайын еместігін айқындайды.

Жұмыссыздықтан еңбек табысының болмауы,шет елден ақша қаражатының түспеуі басқа да табыс көздерінің тоқтауы,үй шаруашылығынан басқа табыс көзінің болмауы,от-басындағы зорлық-зомбылықтың көбейуі-осының бәрі Хорезмдегі кедей отбасылардың жағдайын бұрынғыдан да әлсіретті.

Пандемия кезінде әйелдер мен еркектер басқарған үй қожалықтарында жұмыс орнын жоғалту және шетелден ақша келмеу бірыңғай орын алды.Осындай тұрмыс соққылары әйелдер басқарған отбасыларға зардабын қатты тигізді,себебі олардың табыс көздері онсыз да төмен еді.

Пандемия басталғанға дейін әйелдер басқарған үй қожалықтарының орташа табысы Хорезмде еркектерден 17% төмен болатын

Мақсатқа жету жолында жобаны жүзеге асыру барысында махаллияларда Хокимяттың қолдауымен алдын ала тренингі өткізілді,қатысушылардың арасынан белсенділері таңдап алынды,олар деректерді жинап ситуацияларды мониторингіледі.

Матчанова Райхон қиын тұрмыстық жағдайға түскен отбасылар жайлы ақпарат жинап, махаллердегі үйлерді ертелі кеш аралап,от-басылардың қалай күн көріп отырғанын пандемия кезінде асыраушысық қалған жандардың жағдайын білді. махаллях басшыларымен кездесіп,тұрғындар бастарын біріктірсе гендерлік бюджеттендірудің қаншалықты пайдалы болатынын әңгімелеп берді

Сөйтіп кедей отбасыларға жүйелді түрде көмектесудің маңыздылығын түсіндірді.Хиуада арнайы топ құрылып,ол топ арқылы Хокияматпен тез байланысу мүмкіндігі табылды,олар кедей от-басыларға тездетіп көмектесетін жол тапты,осыған дейін адамдар Хакимяттың есігін тоздырып келсе енді олар Матчанова Райхонға баратын болды.себебі,олардың мәселелері тез шешімін табатын болды.

Жалпы алғанда панемия кезінде оның бастамашыл тобы асыраусыз қалған кедей 7 отбасыға материалды және заңнамалық көмек берді.

Бастамашыл топ мүшелері мұқтаждыққа ұшырағандардың тізімін жасап, Хокимияттың өкілдеріне тапсырды, қазіргі уақытта махаллада бұл отбасылар тұрақты түрде көмек алушылар тізімінде тұр. Бүгінгі таңда Матчонова Райхон және оның құрбылары әйелдердің бастарын біріктіруге деген өздерінің қабілеттеріне сенімді, басқаларға да көмек беруге әзір, оны махалла мен Хокимияттар да жақсы түсінеді. Олардың махаллада таратып жүрген жәрдемақылары қолдан қолға жеткізіліп, өз жемісін беріп жатыр. Хиуаның Хокимиятымен әйелдердің арасында диалог механизмі орнатылды.

## **Асыраушысыз қалған әйелдерге арналған қаражат көмегін жасақтау жөніндегі бюджеттік процеске қатысу және оның мөлдірлігі.**

### **Бұқара қаласы**

**Тренинг тақырыбы:** «Асыраушысыз қалған әйелдерге арналған қаражат көмегін жасақтау жөніндегі бюджеттік процеске қатысу және оның мөлдірлігі.»

Жобаның шеңберінде-жергілікті қауымдастықтарға арналға гендерлік бюджет-Гуманитарлық құқық орталығы және талдау тобы- «Консалтинг Монитор Групп» жоба тақырыбы бойынша аймақта бірнеше өте актуальды келісімдер жасады.

1. Мысалы, пандемия кезіндегі әйелдердің жағдайына назар аударту қажеттігі мақсатында аймақта сауалнама жүргізу қажет екендігі белгілі болды.

Сауалнама мақсаттық топтардың арасында жүргізілетін болды, яғни Бұқара қаласының 4 махалласында және бюджет секторының ішінде- гендерлік балансыға сыймайтын білім мен денсаулық, секторларында. Бұл бастаманы қаланың Хокимияты Дөңгелек үстелде қолдады.

Бұл Дөңгелек үстелге (17 қыркүйек 2021 ж) Қазақстаннан келген әріптестер және Өзбекстан республикасының Омбудсменінің аппараты қатысты. Акрамова Хафиза бастаған бастамашыл топ Хокимиятта бірнеше кездесулер өткізді, мәселелерді талқылап болған соң пандемия кезіндегі әйелдердің проблемаларын зерттеуге байланысты бірлескен топ құру жөнінде шешім қабылданды.

2. Сонымен бірге Дөңгелек үстел кезінде Омбудсмен тарапынан осы проблема туралы Республика Парламентіне хат жазып пандемия кезінде асыраушысыз қалған отбасымен әйелдерге көмек сұрау жөнінде баста көтерілді.

Бұл ұсыныстар 17 қыркүйекте Бұқарада өткен Дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша және бастамашыл әйелдер тобымен келіссөзден кейін ұсынылды, қатысушылардың арасында Еңбек қатынастары мен еңбекпен қамту министрлігінің өкілдері болды.

3. Жобаны жүзеге асыру барысында Хокимияттың қолдауымен 1 наурыздан бастап мақсатқа жету үшін алдын ала тренинг өткізіліп қатысушылардың арасынан белсенділер таңдалып алынды, олар махаллада деректер жинап жағдайды мониторингіледі,

Қазіргі уақытта топтың жергілікті қауымдастықтары мен Хокимиятпен бірлескен іс қимылдарының нәтижесінде деректермен, жедел көмек күткен отбасылар жайлы ақпарат жинаудың нақты механизмі жасалды, көмек күткен отбасыларға билік дереу көмектесетін немесе проблеманы шешуге тікелей араласатын болды.

Бастамашыл топтың жұмыс істеген уақытында олар материалдық және заңнамалық көмектер көрсетті, заңгерлер орталығының көмегімен асыраушыларынан айырылған өте мұқтаж 12 отбасыға жәрдем берілді.

Топ өте мұқтаж отбасылардың тізімін жасап, тізімді Хокимият өкілдеріне берді, бүгінгі таңда бұл отбасылар өз кварталы бойынша өте мұқтаж жандар болып саналады.

## «Жеке іскер әйелдер және салықты жасақтау» - жеке іскер әйелдердің жергілікті салықты жасақтау механизмін дайындауға және талдауға қатысуы

### Самарқан қаласы

1. Бұқара, Хиуа, Самархан және Өзбекстан республикасы парламентінің жанындағы Омбудсмен аппаратының қатысуымен белсенді әйелдердің ынтымақтасуды қолдаған ұсынысы негізінденды.
2. Бұл шешім бойынша махаллада, жоғарыда аталған қалаларда әйелдерді тұрақты негізде жергілікті бюджетті талқылайтын топтарға қатыстырып олардың дайындаған шешімдерін НПА арқылы жергілікті махалланың бюджетін жаақтауға мүмкіндік береді.»Гендерлік бюджеттендірудің жобасының «шенберінде Самарқан қаласында дескурс өткізіліп, іскер әйелдердің қауымдастығы құрылды.
3. Олар Хокимиятпен махалламен тығыз байланыста жұмыс атқарды. Кіші бизнес пен жеке іскерліктің дамуы-Өзбекстанның экономикасының басты құрылымдық өзгерістерінің бірі. Бұл сектор ішкі жалпы өнімді құрайтын негізгі қатысушы ғана емес, сонымен бірге еңбек нарығының бір буыны, халықтың жақсы тұрмысы мен табысының көзі. Өзбекстанның жеке іскерлік саласының құрамдас бөлігіне әйелдердің іскерлік саласы жатады.
4. Статистика бойынша әйел іскерлердің көпшілігі алған несиелерін уақытында төлейді. Қарызын уақытында төлеп, қаражат жинауға бейім. Бұл жәйтқа диолог кезінде банк қызметкерлері ерекше назар аударды.

Іскерлердің бірі Зулфия Фаттаева мынандай қызық бизнесті: - қаржылық секторға бейім балаларға арналған жеке мектеп жобасын ұсынды,

Бұл ұсыныстың қызық жері, оқыту үшін алғашқы төлемді әйел іскерлер өз мойындарына алды, екінші ерекшелігі-бұл мектепте оқитын балалар падемия кезінде ерекше мұқтаждыққа тап болған және асырашысыз қалаған от басылардан құралатын болды.

Бұл идеяны Самарқанның қаржы секторы қолдады, атап айтқанда банкттер жеңілдігі бар несие ұсынды. Бұл мектептің негізгі контингенті қыздар болады.»Гендерлік бюджеттендіру жобасының» шенберінде белсенді әйелдер осылай жұмыс істеп жатқан мектептерге шолу жасап мынандай қорытындыға келді, Аймақта қаржылық негіздерін оқытатын жеке мектептердің санын арттыру, атап айтқанда әйелдер мен қыздар үшін өте қажет деп тапты.

Бұл ұсыныс сонымен бірге Өзбекстан республикасының Омбудсмен аппаратына сонымен бірге әйелдердің республикалық комитетінің мәжілісіне талдау жасап, ұсыныстар беру үшін жіберілді.

## Пайланылған дерек көздерінің тізімі

1. Жергілікті деңгейдегі бюджеттендірудің гендерлік аспектері. Тәжірейбелік оқу құралы Украина 2012ж
2. Гендерлік бағытта бюджеттендіруге арналған жетекші құрал. Гендерлік бджеттендірумен басқарудың халықаралық орталығы БҰҰ Әйелдер 2013 ж
3. Genderresponsive budgeting at local administration. UNWomen
4. <https://www.gender.stat.gov.kz>
5. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
6. [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz)
7. <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet?lang=ru>
8. www. researchgate.net
9. Gender budgeting: practical implementation Handbook prepared by Sheila Quinn
10. Promoting gender- responsive policies and budgets: lessons from South East Europe experience in the period 2011-2013. UN Women, Austrian Development Cooperation
11. ToolsofGRB. SheilaQuinn. <http://genderbudgets.ru/>